Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№11 (13), 14 маусым, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

ІЛЕБАЛЫҚ – ЖАРКЕНТТЕГІ УАҚЫТ ЖАСЫРҒАН ТАРИХИ ҚОЙМА

Жетісудағы ортағасырлық Иланбалық қаласынан табылған зергерлік қойма

2-бетте

Ой–үзік

ҚЫЛЫШ

(Жаркент мұражайын аралағанда)

Жол түсіп мұражайға
барып ем мен,
Таныстым алуан түрлі жәдігермен.
Көненің күмбір-күмбір сырын шертті,
Жас жігіт жол бастаушы жаныма ерген.

Ілулі қылыш көрдім бір бұрышта
Соқты екен қандай ғана білгір ұста?
Бір суық ой миымды кезіп өтті
Қанша адамның қаны бар бұл
қылышта?

Болат па екен, әлде өткір алмас па
екен?
Қолыма алдым, ап-ауыр салмақты
екен.
Кескілескен қым-қуыт қан майданда
Қанша басты бұл қылыш аунатты
екен?!

Жеккөрсе де қарудың әркім бәрін
Ұстап көрдім қызықтап, тартынбадым.
Арыстандай ақырып атой салған
Қай батырдың қолында жарқылдадың?

Сермеп көрдім. Жүрегім дір етті ерек,
Қылыш жұмсау үшін де бір еп керек.
Сені ұстауға қайратты білек керек
Сені ұстаудың өзіне жүрек керек.

Сөз жоқ мінсіз қас шебер соққан ұста
(Қару жасау білмеймін қостар іс па?)
Елес беріп бабалар кешкен майдан
Ойға шомып қиялым кетті алысқа.

Суық қару. Кеудеме кептелді үрей
Аз ба қанды жазықсыз төккен дүлей?
Бір сәт қылыш көрініп кетті маған
Қасіретті ескерткен леп белгідей!

Шаяхмет АЛЖАМБАЙ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

«Қорғандар», «кенттер» және Үйсін мемлекеттілігі

Әлбетте, туған жер, туған ел ұғымы әр қазақ үшін киелі де қастерлі. Сол үшін де Отан тарихы, әркімнің туған өлкесінің, сондағы жер-су атауларының пайда болуы шежіресін танып – білуге деген құштарлығы, әрі қызықты, әрі ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор мәселе. Әсіресе, өзің өмірге келіп, кіндік қаның тамған өңірдегі елді-мекендердің атауларының шығу тарихын зерттеп, зерделеу және оның мән-мағынасын жан-жақты ашып көрсету, туған жерге деген құрмет пен патриоттық сезіміңді қалыптастырып, одан әрі асқақтата түсетіні даусыз. Ал, енді әңгімеміз қарапайым да түсінікті болу үшін мақаламыздың тақырыбының бірі болып отырған «Қорған» атауынан бастайық:

Әрине, ойымызға Сақ қорғандары – Есік, Шілікті, Сарматтық Аралтөбе, т.б. қорғандары бірден сап ете қалады. Бірақ, сәл ойланып, айтылуы мен қолданылуы жағынан саралап көрсеңіз аталмыш сөздің бұл мағынада қолданылуын зерттеуші ғалымдарымыздың кейінгі толқыны қолданысқа енгізген-ау деген күмәнді ойлар қылаң береді. Себебі, және де ескере кететін бір жағдай, бұл қорғандардың тағы да оба, мола, бейіт, зират деп те аталатан балама есімдері бар екендігінде. Олардың бәрі ғылыми айналымда тең дәрежеде кеңінен қолданылып та жүр.

Ал, енді бұл атауды тікелей тұрғыда қарастырар болсақ «Қорған, қорғану, қорғаныс» әрекеттері қайтыс болып, тәні жер қойнына қойылғандар үшін емес, жаны бар тіршілік иелерінің өз ғұмырларын қорғап, жалғастырудан туындаған қажеттілік екендігін бірден түсінесіз. Енді бұған Алаштың арда ұлы М.Мағауин ағамыздың: «...Қазақша «қорған» сөзінің жалғыз-ақ мағынасы бар - ол, қамалды, қабырғалы берік шеп. Мұндай сөз қазақта ежелден бар» деген сөздерін қосыңыз. («Туылған» мен «өлінген» М. Мағауин). Осы баппен асықпай сөзімізді толықтай түсейік, **«Қорған»** сөзінің нақты мағынасы – қорғаныс шебі. Ол ежелгі қалалы мекендерде ғана салынған бекіністер. Бұл қорғандар белгілі бір дәрежеде әскери қорғанумен қатар Ұлы Жібек Жолы бойындағы сауда-саттық байланысында қауіпсіздік рөлін атқарып отырғандығы және бар. Оған мысал ретінде біздің Жаркент өңіріндегі **Түрген қорғанын** немесе **Түргенкентті** алуға болады. Алдымен осынау көне тарихи нысанның орналасуы мен салыну құрылысына тоқталып өтелік: Түрген қамал бекінісінің орны ауданымыздағы Үшарал ауылының солтүстік жағында 1,5 – 2 шақырым қашықтықтағы Жаркент – Сарөзек тас жолының бойында жатыр. Айналдыра сары топырақпен соқпа арқылы соғылған қамал қорғанының сыртқы дуалының қалыңдығы 2,5 м, биіктігі 3 – 4,5 м (*қазіргісі*). Дуал сыртында ені 6 м болатын ор қазылған, сыртқы қабырғадан ішкі жағына қарай 10 м аралық бос, содан кейін ғана тұрғын үйлердің қабырғалары (*70 см*) басталады. Халықты, бақша өсімдіктерін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін арнайы қазылған тоғандар орны бірден көзге ұрады, ал, қорғанның оңтүстік батыс жағы ашық алаңқайлы болып келген, бірақ тағы бір ерекшелігі ұзындығы 60 – 70 – 80 м, ені 30 – 36 м болып келетін ұзынша тамдар осы бөлікте орналасқан. Тұрақ – жайлар бөлмелері көлемі 10х7, 8х7, 7х7, 5х7 м, тағы басқа әрқалай көлемді болып салынған. Қазылған (*бізге дейінгі*) шұңқырлардан байқағанымыз қамалдың солтүстік – шығыс жағынан 50 – 70 см тереңдікте 3 – 5 см күл қабаты бар екені байқалады. Соған қарағанда бұл қорған соңғы өмір сүруін тоқтатар кезеңде жермен – жексен болып өртелген сияқты. Қамалдың қираған жұртынан өткен дәуірдің белгісі болып бізге жеткен қыш құмыралардың, шойын, темір, шыны ыдыстардың сынықтары көптеп кездеседі.

Енді, осынау айтып отырған Түрген қорғанының сыртқы жағына тоқталар болсақ оның, шығыс және солтүстік жағы бір – біріне жалғасқан обаларға толы. Осы солтүстігіндегі көптеген обалар Кеңес үкіметі тұсында трактормен (бульдозер) тегістетіліп егістік жерлерге айналдырылған екен. Ол туралы Үшарал ұжымшарында көп жылдар трактор жүргізушісі болған, зейнеткер Атубаев Өмірзақ (Торғай) қариямыз: «...көптеген обаларды түзетіп егістікке айналдыру кездерінде әртүрлі қыш ыдыстардың тіпті сыйымдылығы 3 – 4 л болатын бүтін құмыра, шыны, керамика ыдыстырының сынықтыры, биіктігі 1 м хумдарды тауып алғанын да әңгімелеп берді.

Тіпті көлемі 1х1 м болатын қыш плиталарды, күйдірілген түрлі-түсті кірпіштер, кейбір обалардың жер бетінде ашық қалған табыт бұрыштарынан түрлі – түсті қытайдың жібек маталарының қиындыларын көргендігі және бар. Трактор табанында тегістеліп, жүгері егілген оба орнын суғарған кезде «...аяқ астынан ұңғымалар пайда болып, сол сулардың 5 – 6 сағаттан астам уақыт жер астындағы белгісіз құрдымға сіңіп, кейін қайта өз арнасына түскенде су бетіне бөрене шірінділері қалқып шығатын...» деген сөздерін естіп таң қалдық. Дәл осы Қу және Тақыр аталатын Бурақожыр өзенінің алқабы туралы орыс саяхатшысы Н. М.Ядринцев те: «...баса назар аудара отырып, Түргенкенттің желке тұсындағы аталмыш егістік жерлерге еккен бидай мен тарыдан мол өнім алынатындығын, беденің де жақсы өсетіндігін, мақтаның да егілгендігі туралы» - өзінің 1882 жылы Петербургте шыққан «Отарлық Сібір» кітабында біршама мәліметтер жазып қалдырған екен.

Қазіргі сақталынып қалған обалардың биіктігі 4 – 6 м, ені 10 – 12 м болып келеді. Менің өз тұжырымым бойынша бұл бейіттер б.з.б III – б.з. V ғасырларда өмір сүрген Үйсіндердің обасы болуы керек... Айып етпесеңіздер, дәл осы обаларға қатысты өз басымнан өткен мына бір жағдаятқа тоқтала кетудің де реті келіп тұр, оқырман қауым: Былтырғы жылдың көктем кезі. Ойламаған жерден Алматыдан археолог, т.ғ.к. Дөкей Талеев ағамыз біздің Жаркентке қарасты археологиялық қазба жұмысы жүріп жатқан Үшарал ауылына (*Ілебалыққа)* келе қалды. Күтіп алып Ілебалық, Басқұншының жоғарғы жағындағы Көкжазықтағы үйсін обаларын, оның төменгі жағындағы өзен бойындағы көне қала орнын аралатып, одан Түрген қорғанына алып келдік, қорғанға селқостау көз тастаған ғалым ағамыз, *«бұл нысан кейінгі XVIII – XIX ғ. жатады, маған көне дәуір ескерткіштері керек еді»* деген сыңай білдіріп онша қызығушылық танытпады. Содан осы Түргенге іргелес жатқан обаларға ертіп келіп көрсетіп, *«Дөке мына Үйсін обасымен, анау Түргенкент арасында байланыс жоқ дегенге өз басым сенбеймін. Рас мына қорған қабырғалар сіз айтқандай кейінгі ғасырларда тұрғызылған, келіселік, бірақ сол қабырғалар ежелгі қоныстың орнында қайта бой көтерген болар, қалай ойлайсыз?...»* – дегенде барып, жанарында бір ұшқын жалт етіп, қабағы ашылып, көңілі жадыраған ағамыз обаларды мұқият қарап шықты. Әуелі десеңіз дәл осындай обаларды қазу жұмысының қалай жүргізілетіні жайлы біршама түсініктерді де беріп өтті.

(Жалғасы 3 бетте)

(Басы 1-бетте)

ІЛЕБАЛЫҚ – ЖАРКЕНТТЕГІ УАҚЫТ ЖАСЫРҒАН ТАРИХИ ҚОЙМА

Жетісудағы ортағасырлық Иланбалық қаласынан табылған зергерлік қойма

Іле өзені алқабындағы қазіргі Жаркент қаласынан батысқа қарай сегіз шақырым жерден Иланбалық (Ілебалық – ред) қаласының орнының табылуы археологиялық ашылудың жарқын көрінісінің бірі болды. Бұл қалаға Кіші Арменияның патшасы І Гетум монғол империясының астанасы Қарақорымға кетіп бара жатқанда соға кеткен.

Ғалымдар Иланбалық қаласының орналасқан жерін ұзақ уақыт анықтай алмай жүрді. Орналасқан жері туралы бірнеше нұсқа ұсынылды. Орыс шығыстанушы В.В. Бартольд Іле өзенінің өткелінен өткеннен соң шығысқа қарай 40 шақырым жердегі Шеңгелді қалашығы десе, А.Н.Бернштам Талдықорғаннан шығысқа қарай 20 шақырымдай жердегі Көксу өзенінің алқабында жатқан Дөңгене қалашығының орнын көрсетеді. Тек Жаркент қаласынан батысқа қарай түргенде 8 шақырым жердегі Үшарал қалашығын зерттеген кезде ғана оның Иланбалық қаласының орны екендігі белгілі болды. Бұл ашылу жөнінде «Промышленность Казахстана» журналында хабарланды.

Үшарал – Иланбалық қаласының орнына қазба жұмыстары 2016 жылдан бастап жүргізілді. Оның жер жағдайы зерттелініп аумағы анықталды цитадель (қаланың орталық бөлігі) шахристан (қаланың ішкі бөлігі), және рабат (қаланың маңы мен зират орналасқан жері) айқындалды.

2018 жылы қаланың қабырғаларына зерттеу жүргізілу барысында сырты қоңыр былғарымен қапталып қызыл сырмен өрнектеліп боялған, ағаш қобдишаға салынған зергерлік бұйымдардан тұратын қойма табылды. Қазба жұмыстары «Еуропа-Азия» зерттеу қоғамының (Швейцария) қаржылық көмегінің қолдауымен жүргізілді. Осы мүмкіншілікті пайдалана отырып Қазақстанның мәдени мұрасының зерттелуімен сақталуына үлкен үлес қосып отырған қоғамның президенті Кристоф Баумерге ризашылығымызды білдіреміз.

Көмбенің құрамында үш күміс білезік, екі мыс сырға, күміс моншақты іші қуыс үш алқа, қызғылт маржаннан жасалған алқа, көпқырлы сердолик моншақ және тікбұрышты тілімшесі бар екі алқа, көгілдір ақықтан жасалған моншақты алқа, асыл тасты таспиқ, өзеннің ұсақ інжуі, лазурит (көк тас) пен тау сутасынан (хрусталь) істелінген жеке-жеке моншақтар бірнеше нефрит (көкшіл түсті минерал) тұмарлар бар.

Бұрама білезіктер

Бұрама білезіктер көркемдік тұрғыдан алып қарағанда сәнділігі жағынан олардың барлық әшекейлерден басымдылығы айқын көрінеді. Күмістің жұмсақ нәзіктігі мен оның мөлдір ойнақы жарқылы тереңде тұнғандай етіп берілген. Табылған мұндай білезіктер көп жағдайда Орта Азияның біраз аудандарына (Шаш, қазіргі Ташкент облысы, Чиназ, Сиджақ, Сайран, Отрар, Талхир мен Жетісуға) тән. Білезіктердің үлкен екі басы біріктірілмеген, ортасына қарай қалыңдай келе үштары тарыла түседі. Олар ширатылған дөңгелек іші қуыс майда және әшекейлі сымтемір жіптен өріліп жасалған Тарыла келе біткен жағының көпшілік бөлігі жыланның басы түрінде безендірілген Орта Азияның солтүстік, солтүстік шығыс аудандарымен Қазақстаннан табылған күміс білезіктер Волга бойынан табылған күміс білезіктермен тым ұқсас келеді.

Білезіктердің алғашқы түрі айқастыра өрілген қос жыланның басы түрінде жасалған. Қосарланған жыландардың және тағы басқа жәндіктердің бейнелеуі өз кезегінде өнерде сәндік симметрияның негізі ғана болып қоймай оның белгілі бір мағынасы да болған. Біздің байқауымызша қос жыланның бейнеленуінен өз кезегінде өмірді және құнарлылықтың мәні ер мен әйелден бастау алатындығы жайлы мағлұмат берілуінде. Жыланға табыну Орта Азияда ежелгі дәуірден белгілі тотемдік наным. Бейнеленген жыланның кейпі екі түрлі ұғымды: ізгіліктің және зұлымдықтың да бар екендігін білдіріп тұр. XI ғасырда Махмуд Қашқаридің жазғанындай жылан күнімен, жылан жылыда қолданылған. Көптеген халықтарда жылан денсаулықтың, ақылдылықтың білімділіктің, данышпандықтың нышаны деп саналған.

Күміс алқалар

Бірінші алқаның көлемі 18х30 мм болып келетін дөңестеу сопақшалау моншақтардан жасалған. Екі жағының тесіктерінің аузында 3 мм шығыңқы жері бар. Қалыңдығы 3-4 мм шығыңқы келген толқынды сызықтар алқаның үстіңгі жағын көлденені 8-9 мм болып келетін ұзынша қиықтарға бөліп тұр. Бұл алқада көлемі 27х20 мм 115 моншақ бар. Олардың қарама-қарсы жақтарында диаметрі 2 мм шығыңқы тесіктері бар. Қарама – қарсы жақтарындағы тесіктерінің аузында шығыңқы келген бүртігі бар көпқырлы (12 қырлы) алты, төрт қырлы моншақтарда кездесті.

Екінші томпақ алқа, сопақша етіп жасалған, көлемі 13х1, 1х8, 8х3 мм, іші қуыс 115 моншақтан тұрады. Қарама-қарсы жақтағы тесіктері 1-2 мм. Моншақтардың бір бөлігі жақсы сақталған ал кейбіреулері жаншылған, тот басқан.

Үшінші алқа диаметрі 5 мм болып келетін 536 шар тәріздес іші қуыс моншақтан тұрады. Қарама-қарсы жағындағы тесіктерінің көлемі 1 мм. Моншақтардың бір бөлігі жақсы сақталған ал біразы жаншылған, кейбіреулерін тот басқан. Моншақтардың тесігінде мақтадан иірілген жіп сақталып қалған. Күмістен жасалған зергерлік бұйымдар көптеген халықтардын арасында кеңінен таралған және қолданыста болған қазірде сәннен шығып қалған жоқ. Күмістен соғылған әшекейлер зұлымдық күштерден қорғайды, ұзақ өмір сүруге жағдай жасап жақсылыққа жетуге септігін тигізіп денсаулыққа демеу береді деп саналған. Күміс әшекейлер көп кездеспейді деп саналғандықтан ұрпақтан- ұрпаққа мұраға қалдырылып отыратын болған. «Кім күмісті жақсы көрсе сол күміске тоймайды». Күміс көктегі айдың жердегі нышаны болып табылады. Күміс қазақтардың түсінігінде тұла бойды емдеуші, тазартушы құдіретке ие деп саналған. Қазақтардын күміске этникалық тұрғыдан артықшылық беруі ислам дінінің этикасымен тура келеді, сол сияқты мыс та сиқырлық қасиетке ие деп саналған. Әбу Райхан Бируни күміс туралы былай деп жазған: «Алла күмістің ізгілікті құндылығы үшін оны жартастың ортасына орналастырған» - деп Әбу-л-Фадыл Әл Аруди ас-Саффар айтыпты дейді.

Мыс сырғалар

Көмбедегі тағы бір көз тартарлық нәрсе әйелдердің інжумен безендірілген әшекейі мыс сырғаларды атауға тұрады. Олардың дөңгелектеу келіп, бүгілген қалыңдығы 3 мм мыс сымдардан жасалынып екі жағыныңда інжу жіптермен сәндендірілгенін айтуға болады.

Маржан алқа

Маржаннан жасалған сәндік бұйымдар ежелгі заманнан бері кеңінен қолданылып келеді. Маржандардың түрлі-түске қаныққан қызыл, қызғылт ақ түске дейін құбылысы көпке белгілі. Маржаннан сақиналар, білезіктер моншақтар, сырғанын ілмегін және зергерлік бұйымдар, т.б қымбат заттардың беткі қабатын дайындаған. Қазынада маржанның бұтағы мен бұтақшаларының кесінділерінен өңделіп және тесіп ортасынан жіп өткізілетін саңылау салынған, әдемілігі жағынан таңқалдыратын алқа бар. Кесінділер әр түрлі ең ірісінің ұзындығы 5-6 см болса ал қысқасының ұзындығы бар жоғы 1,5х2 см. Маржаннан жасалған бұйымдар жоғары бағалана отырып, оларға әр түрлі қасиеттер таңылып адам тағдырына ықпал ететін сапалық қасиеттерімен мүмкіндіктері бар деп есептелінген. X ғасырдағы араб мақалы «Ең жақсы сауда бәтеспен жасалынған сауда, ең жақсы қолөнер - маржанды өңдеу» делінеді.

Ақық алқалар

Қазынада шие түсті ақықтан жасалған екі алқа бар. Моншақтарды көбінесе қарапайым ұзындау етіп алты немесе сегіз қырлы призма түрінде жасаған. Олар бір-бірлеп алқаға кезектестіріліп қондырған болса ол ылғи игілікке батады» және «Ақықтан жүзік тағыңдар, ол шын мәнінде кедейлікті қуады». Көгілдір ақықты моншақтар екі көк алқадан бес жасыл - көк алқадан тұрады. Егерде көгілдір ақықты тағып жүретін болсаңыз, жүректі күшейтіп, қорқынышты басып, жеңіске жеткізеді, найзағай түскеннен сақтайды деп саналған. Күнделікті таңертен көгілдір ақыққа қарау көздің көруін жақсартатын болған. Бируни көгілдір ақық жеңіс тасы және көз тиюден сақтайды дегенді айтады.

Ақықтан жасалған таспиқтар

Бұл тас барлық жерге таралған және оңай өңделеді. Бируни «егер көз тиген адам өзімен бірге ұсақталған ақық алып жүрсе ол қауіптен құтылады» деп пайымдайды. Сондықтан да одан балаларға арналған алқалар жасайды. Ақықты үгітіп, ұнтақтап таза суға араластыратын болған. Осылай жараны емдейтін емдік тұнба алатын. Тастың ауруларға қарсы өте жақсы әсері болған және оны суық тигенде, жараланған, күйік шалған жерді емдеуге қолданған. Ақықтан жасалған моншақтар мен тұмарлар тамақ, өкпе, қолқа, тіс ауруларынан құтылуға көмектескен, сол қолдың атсыз саусағына тағылған жүзікжүрек ауруын қойдырған, ал оң қолдың ортаңғы саусағына ұйқысы қашқан, себепсіз қорқыныш мазалайтын, ашуланшақ, ұстамасы бар адамдар сақина салып жүруі қажет екен.

Інжулердің жиынтығы

Қоймадан көлемі 3 мм-ден 6 мм-ге дейін інжулер шықты. Олардың жалпы саны 439 дана. Барлығының ортасында тесігі бар, шамасы алқа үшін, не болмаса бұрымдарға қосып өруге не болмаса тіккен киімге қадауға арналған сияқты.

Інжу ең бір сүйікті әшекей болған. Бүкіл Орта ғасырлық әдебиеттегі өлең- жырлардың өң бойында інжуді бейнелемей өтпейтін болған. Адамды інжуге теңеу – оның ақылдылығына, ойлылығына, сөзіне, сұлулығына берілген ең жоғарғы мадақ болып табылған. Бұл балама кемелділіктің ең биік шыңы. Інжудің емдік қасиеті бар деп саналып, одан жүректі күшейтетін қоспа жасаған. Дерек көздері тек інжудің өзінен ғана алқа жасау туралы сөз болғандығын нақтылайды. Махмуд Қашқарида «тизиг - інжу алқа, тизим інжудің жібі» дегенді

ескерте кетеді (Мұнда тизит-тизим-қазақтың тізілген тізбелер). Інжуді басқа түрлі-түсті тастармен, металмен үйлестіре пайдалану да қоса жүрген. «Ол інжумен көгілдір ақықты араластыра тізді. Сол сияқты алқадағы інжулерді бөліп тұрған ұсақ моншақтар ақықтан көгілдір ақықтан, лазуриттен (көк тас) көптеген жағдайда алтыннан болады, сол кезде алтынның сәулесі інжуге төгіліп ол сарғыш реңк береді», - деп жазады Бируни.

Қорыта келгенде тек бір ғана інжуден емес сол сияқты олардан өзге нәзік, көзге ұрып тұратын таңдаулы ашық түсті тастармен әрі алтынмен үйлестіре отырып әр алуан реңк тудыратын әдемілігімен көркемдігі қабысқан алқалар дайындау қабылданды.

Карл БАЙПАҚОВ,
академик, «Промышленность Казахстана» журналы, 2018 жыл №2.
Орыс тілінен аударған «Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы М.М. СОЛТАНАЕВ.

«ҚОРҒАНДАР», «КЕНТТЕР» ЖӘНЕ ҮЙСІН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ

(Басы 1-бетте)

Ертесі телефон арқылы біз кеткен соң да қайта келіп Түргенкентті тағы бір рет аралап шығып, қабырға топырақтарын құлатып көріп, сол топырақтар арасынан көне дәуіреге жататын көзелердің, қыш ыдыстардың сынығын тапқанын қуана хабарлады. Және де осы тақырып аясындағы әңгімелерде қазіргі - Қу, Тақыр аталатын осы маңайда тұратын біршама қарияларымыз өздерінің бала күнінде түрлі көлемдегі көптеген қыш құмыраларға салынған жармақ тиындарды (*ортасы тесік күміс, мыс ақшалар*) тауып алып ойнағандарын талай тілге тиек еткен-ді. Және бір қаперге алатын жағдай сол дәуірлерде территориялық аумағы Алатаудан Талас өзеніне дейінгі аймақты алып жатқан Үйсін мемлекеті Қытай елімен мемлекеттік тең дәрежеде қарым – қатынас жасағаны туралы мағлұматтар көне шежірелерде айтылып жазылған.

Мінекей, танысып болсаңыздар өздеріңіз куә болып отырғандай, **біріншіден:** сыртқы биік дуалдың сыртында ені 6 м болатын ор қазылған; **екіншіден:** қабырғаның сол кездегі биіктігі 12-13 м құраған (*қазіргісі 3 – 4.5 м*); **үшіншіден;** бұл қорғанның төрт бұрышында бұрыштары төрт күзет мұнарасының және шығыс пен батыс жағында айқара ашылып керуен кіріп-шығатын үлкен қақпалары орнының қалдығы болғандығы туралы бала күнінде өз көздерімен көргендігі жайлы мәліметтерді көнекөз қариялардың өз аузынан естігенім және бар; **төртіншіден:** ежелгі тарихи мекен Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан және ежелден егіншілікке өте қолайлы алқап.

Иә, енді ойымызды түйіндейік, яғни көненің көзі болған осынау елді мекен белгілі бір дәрежеде әскери қорғаныстық қызметпен қатар, сауда – саттық байланысында да қауіпсіздік рөлін атқарғандығын көріп отырмыз. Демек, **«Түрген қорғаны»** деп атауымызға толық негіз бар екен. Ешқандай бұрмалаушылық пен артық – кем айтушылық та жоқ, бәрі рет - ретімен өз орнында.

Енді осы Түрген қорғанын **«Түргенкент»** мағынасында қарастырып көрелік. Түбір сөз «Түргенге» жалғанған **«кент»** өзі ежелгі түркі сөзі. Алғашқы қолданысында «*үй-жай салып топтасып өмір сүретін елді мекен»* деген ұғымды білдірсе, уақыт өте келе ежелгі шағын қалалар мен елді мекендердің көбі «кент» аталып, бірте-бірте **«қала»** сөзінің орнын ауыстырған. Ой тезіне салып, саралап көрсеңіз «*...шағын мекен-жай немесе соқпалы қабырғалармен қоршалған, қорғалған көгалды аймақтағы қала»* - деген түсінікке саяды. Бұған мына бір тарихи мәліметті қосайық: ... **«кент»** тұрғындары «...Ұлы Жібек Жолы өтетін керуен жолдары бойында орналасқан жағдайда қоныс тұрғындары өткінші керуен саудасымен айналысқан». Жоғарыда жазылған **«қорған»** туралы сипаттамадан еш айырмашылық көріп тұрған жоқпын. Жалпы тарихқа зер салып қарасақ **«қорғандар»** мен **«кенттер»** тек Ұлы Жібек Жолын жағалай ғана емес, ірілі-ұсақты өзендер бойында да көптеп кездесетіндігі бәріңізге аян мәселе. Демек, **«қорғандар»** мен **«кенттердің»** түптеп келгенде салыну мақсаты, байырғы бабалардан қалған атақоныс екендігі, сөздің шығу тегі түркіден тарайтыны, қолданысы, атқарған қызметіндеде айтарлықтай айырмашылық жоқ, бірдей құрылыс нысандары екен. Тамаша түйін! Іс тәмәм...!

Иә, және бір қарастырар сөзіміздің аталуы **«балық»**. Неге десеңіз ежелгі Түркілер туралы шежірелерде қала мағынасында **«кент»** сөзімен бірге қатар **«балық»** ұғымын да кеңінен қолданғандығы жайында деректемелер көптеп кездеседі. Мысалы: Бесбалық, Ханбалық, Ілебалық, т.б. Бұндағы **Ілебалық** қаласының орны да біздің өңірде орналасқан, жоғарыда жазып өткен Түрген қорғанының оңтүстік батыс жағында 1,5-2 шақырым жерде қираңды жұрнағы ғана қалған көне қоныс.

Ілебалық – өз атауы хабар беріп тұрғандай Іле алқабында орын тепкен Талхиз (Талғар), Қойлық, Дүнгене, Алмалық, Көктұма сияқты ірі қалаларының біріне жатады. Дегенмен, зерттеуші ғалымдар арасында бұл қаланың нақты орны туралы жүйелі пікір әлі қалыптаса қойған жоқ. Өзіміз жоғарыда көрсеткендей Іле аймағының ірі қалаларының бірі – Талхиз (Талғар) екендігін айттық. Енді осы Талхизден шыққан Ұлы Жібек жолы оңтүстік және теріскей болып екіге бөлінетінін білеміз. Осының алғашқысы осы оң жақпен жүретін жол қазіргі Көктал ауылы мен Жаркент қаласын басып өтеді. Міне, осы жолдың бойында Көкталға таяу жерде ***Ілебалық*** қаласының жұрты бар деген пікірлер де айтылған. Нақтылап айтсақ, қазіргі Үшарал ауылының шығыс жағындағы көне қала жұрты. Қолда бар деректерді саралай келе осы пікір де біздің көңілге қонатын сияқты...

Және бір айта кететін жағдай – мұнда шикі және күйген кірпіштердің, құмыра ыдыстардың, хұмдардың, диірмен тасының, көне күміс, мыс теңгелер (*дирхемдердің*) т.б. қоймаларының көптеп кездесуі. Оған қоса, Үшарал ауылының шығысындағы Қ.Тышқанбаев және Д.Рақышев көшелерінде құмыра шығаратын өндіріс орнының қалдығының болуы мүмкін деген жорамал да бар. Қорғанның жалпы сипаты доға немесе садақ тәрізді, көлемі 1,5 шақырым аумақты құрайды. Айналдыра топырақпен соғылған қабырғасының ені 2,5 метрдей, биіктігі 3 – 4,5 метрді құрайды. Дуал сыртын айналдыра ор қазылған, шамамен ені 4 – 5 м, орта ғасырлық (*ерте орта ғасырға болуы да мүмкін*) қорған қалаға ұқсайды. Және де осы елді мекеннің ел игілігіне қызмет етіп, өмір сүру тарихы өз бастауын көне дәуірлерден алатындығы даусыз, кейінгі гүлдену кезеңі шамамен XI – XIV ғасырлар аралығын қамтиды деген болжамдар бар...

Салыстыра отырып зерттеу, зерделеу арқылы біздің Жаркент аймағындағы **«балық», «кент», «қорған»** т.б. көптеген елді мекендердің пайда болу тарихы мен олардың атауының ***шығу төркіні Түркі тілінен***

екендігіне жүгіне отырып, байырғы тұрғындары Сақ, Ғұн, Үйсін, Түркілер болғандығына көз жеткіземіз. Сенбесеңіз тарих ғылымы саласына өшпес мұра қалдырған - көне қытай, парсы, грек оқымыстыларының сарғайған қолжазбалары мен Отандық және шетелдік ғалым, саяхатшы бірегей тұлғалардың жоғарыда аталған ежелгі мемлекеттік бірлестіктер туралы: «*...бәрі де заманның әр дәуірінде бір территорияда ғұмыр кешкен түбі, тегі бір, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі мен шаруашылығы да ұқсас бір халықтың ұрпағы*» деген естеліктері мен ғылыми тұжырымдамалары және бар. Сол бір тарих сахнасынан шығып дәуірлер қойнауына сіңіп, келмеске кеткен бабалардан, көненің көзіндей болып сақталып қалған тарихи ескерткіштер қатарына: Кіші Қойтас петроглифтері, Ниязақын сазы мен Сарытаудағы Сақ обалары, Бұрхандағы, Басқұншы ауылының солтүстігіндегі және Түрген қорғанының солтүстік және шығыс жағындағы Үйсін обаларын т.б. көптеген тарихи ескерткіштерді қосыңыз. Сондай-ақ, **«қорған», «кент», «балық»** сөз тіркестерінің ежелгі түркі сөзі екендігі және пайда болуы, қызметі нақты айқындалды, көзіміз жетті. Ендеше, ізденістен туындаған тарихи – танымдық жұмысымыздың көңілге қуаныш сыйлар түйіні: ***...яғни, біздің Жаркент аймағындағы – Жаркент, Ақкент, Түргенкент, Ілебалық, Тышқан, Жыңғыл, Дөңгене т.б. әзірге бізге беймәлім қала, кент, қыстақтақтардың ескі орындары сонау көне дәуірлерде мәдениеті мен сауда-саттығы халықаралық деңгейде дамыған, тіршілігі қайнаған елді мекендер*** болды деген сөздермен аяқталады екен. Оған айтылып отырған **«... ежелгі түркі сөздері»** бұлтарпас айғақ. Ол аз десеңіз осынау мыңдаған жылдарды қамтитын ғалымдар мен жиһанкез саяхатшылардың зерттеулері мен ізденістері – біз жазып отырған - Сақ, Ғұн, Үйсін, Түркілер мен олардың қазіргі тікелей ұрпағы біздер, яғни, қазақтар арасында әдет-ғұрып, салт-дәстүрмен бірге ешқашан тілдік айырмашылығын болмағандығын да дәлелдеп берді. Дегенмен, бір сәт ой таразысына салып саралай келе, өткенге ойша оралу арқылы осы өңірдегі қалалық мәдениет пен қолөнердің, сауда-саттықтың дәуірлеп гүлдену кезеңінің басталуы - Үйсін заманымен тұстас келетіні бірден назарымызды аудартты.

Үйсіндер – тарих ғылымындағы жүргізілген археологиялық және антропологиялық зерттеулер «үйсін антропологиялық типін» анықтады, ол дегеніңіз ежелгі үйсіндердің атамекені. Ерекшеліктері: «*...**бас сүйегі домалақтау, маңдайы сәл тікшелеу, көз ұялары биік, қыр мұрыны, жақ сүйектері ірі, әрі шығыңқы***», сәл кідіріс байқап қарасаңыз, бұл деректер ежелгі жазбалардағы «...үйсіндер қыр мұрынды, шүңірек көз, жирен сақалды» дегеніне сәйкес келеді. Бұл ерекшелік – морфологиялық құрылысы тұрғысынан Сақ дәуірі нәсілдеріне өте жақын. Яғни, үйсіндер сақ тайпаларының ұрпақтары деген болжамымыз шындыққа саяды... Және «Үйсін» атауы Іле аймағы мен Жетісудан, Қазақ жерінің оңтүстігін мекендеген Ұлы жүз тайпаларының аты. Себебі, ежелден осы өлкені мекендейтін қазақтың – албан, суан, дулат, жалайыр, шанышқылы т.б. тайпаларының ата-тек шежірелері осынау – Ұлы Жүз Үйсіннен тарқатылады. Олар жалпы ел тарихындағы өте ежелгі ұлыстардың бірі болуымен қатар, б.з.б. I-II ғасырлардан бастап-ақ мемлекеттілік орнатып, ішкі бірлік пен сыртқы байланыста және «Ұлы Жібек жолы қатынасындағы халықаралық дамуға», сондай-ақ, шекаралық территориялық қорғаныста да маңызды рөл атқарғаны тарихи шындық.

Территориясы: шығыста Тянь – Шаньнің шығысынан басталып, батыста Шу, Талас өзендері бойымен, оңтүстікте Ыстық көлдің оңтүстігінен, солтүстікте Балқаш көліне дейінгі ұлан – байтақ өлкені алып жатты Астанасы – Шығу қаласы (Қызыл аңғар). Тарихшылар арасындағы ауызекі әңгімелерде «*...Үйсіндердің бас қаласы Шығудың әкімшілік иелігіне мемлекет аумағындағы ірілі – ұсақты 20 – дан астам қалалар тікелей бағынған...*» деректер жиі айтылады. Мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі **Күнби** деп аталып, б.з.б I ғасырда-ақ, дамып дәуірлеген шағында халқының жалпы саны – 630 мың болса, әскері 188 мың 800-ге жеткен. Сол дәуірдегі қытай жазбаларының бірінде: «...батыс өңірде болған 40 мемлекетте - 39 мың 895 түтін, 309 мың 757 адам, 70 мың 499 әскері болған болса, Үйсіндердің жан саны олардан үш есе, сарбаздары бір жарым есе артық болғандығы» жайындағы келтірілген дәйектер, олардың өз заманында аса құдіретті мемлекеттік бірлестік болғандығының бірден – бір нақты айғағы болып тұр. Мәселен, мына бір мәліметке кезекті берейік: ...«*Цылыми билік жүргізген б.з.б. 45-14 жылдардың арасы Усун Мемлекетерінің дәуірлеген кезі болса керек, өйткені, Хань империясы мен Ғұндар Үйсіндермен одақ жасауға мүдделі болып, хань мен ғұн әміршілерінің қыздарын усун Гуньмоларына әйелдікке беріп отырды...*». (И.Қабышұлы «Тұран әлемі», Алматы «Санат» 2007. 40-бет)

Ал, әлеуметтік тұрмысы мен шаруашылығы жайында баяндар болсақ: археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттай деректер бойынша – үйсіндер жартылай көшпелі, жартылай отырықшы (*егіншілік*) ел болған. Олар жылқы, қой (*көбіне құйрықты қойлар*) мен қатар сиыр, түйе, таулы жерлерде қодастар өсірген. Аймақтағы ірі – Іле, Шу, Талас өзендерінің сулы, нулы алқаптарында отырықшы егіншілікпен айналысқан. Сонымен қатар қолөнерді дамытып, ағаш, теміршілік пен үй жасау өнері, жүн матаны өздері тоқитындықтан өрмек тоқымашылығы өте жақсы өркендеген.

Ежелгі Үйсіндер тұтынған қола орақтар мен темір соқалар және тастан жасалған қол диірмендер егіншілік шаруашылығының жақсы дамығандығының айқын көрсеткіші бола алады. Оған – Іле, Кеген, Шу, Талас өзендерінің аумағынан табылған суландыру жүйелеріне жататын көне тоғандар мен арықтар жүйесінің іздері де дәлел. Қолөнердің де жоғары деңгейде шарықтап өркендегеніне көне қоныс – тұрақтардан табылған – қыштан күйдіріп жасалған түрлі құмыралар мен сан алуан ыдыс- аяқтары қосыңыз, қару – жарақ, таға, қазан, т.б. темір мен қоладан жасаған тұрмыстық және өндірістік құралдары және бар. Көздің жауын алар алтын мен күміс, басқа да қымбат асыл тастармен көмкеріп жасаған сәндік әшекейлері: сырға, білезік, алқа, түйреуіштер т.б. бұйымдарының өзі бір төбе. Оған қоса тері илеу мен тас қашау кәсіпшіліктері де жақсы өрістегендігі байқалады.

Әрине, ежелгі Үйсіндердің құдіретті мемлекет болып, әлеуметтік және мәдени бағыттағы өркендеуіне сөз жоқ осы мемлекеттің территориясы арқылы өткен Ұлы Жібек Жолының ықпалының өте күшті болғандығы жалпы тарихтан мәлім. Жалпы аталмыш Халықаралық осынау керуен жолының Батыс пен шығыс және Орта Азия елдерімен болған экономикалық пен сауда – саттық және рухани, мәдени қарым – қатынастардың барлық салаларында да әсері үшан – теңіз болды. Осы бір дәлелдер мен деректер менің жоғарыда айтқан **«...*дәуірлеудің бастапқы кезеңі Үйсіндерден басталады*»** деген болжамымды одан әріге шегелеп, нақтылай түсетіндей... Әрине, әлі де біраз ізденіс пен тер төгуге тура келетіні айдан анық мәселе, дегенмен «келе жатқан бағытымыз дұрыс-ау» деген ойдамын.

Үйсіндерден кейін іле-шала тарих сахнасына шыққан Түрік қағанаты Еуразия құрлығының жарты әлемін уысынды ұстап өз билігін жүргізді. Одан қағанаттың Батыс-Шығыс болып екіге бөлінуі тарихы басталады. Бұған дәлел ретінде мынадай мәліметті де келтіре кетейік: «*...Батыс Түрік қағанатының (603-704 жж.) этникалық саяси өзегі «он оқ тайпа» (он оқ будун)» болды. Олар Қаратау баурайынан Жоңғарияға дейінгі аралықта жатқан ежелгі Үйсін жерін мекендеген*». Алып-қосарымыз жоқ!.

Содан кейінгі тарих көшінің тізбегі: Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Оғыз, Қыпшақ замандары әйгілі Шыңғысхан дәуірімен ұштасады. Ол келіп – Жошы, Шағатай, Үкітай, Төле ұлыстарының тарихымен ұласады да, ұлыстық жүйенің мұрагерлері - Алтын Орда, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығынан - Қазақ хандығының бөлініп шығуымен аяқталады. Тарих көгіне көз тіксеңіз шеті – шегі жоқ тұңғиық, буалдыр сағым... Уақыт еншісінде мыңдаған жылдар, ғасырлар... Ал, біздер сол бағзы бабаларымыздың атамекенінде өлмей – өшпей солардың аманатын орындап, замана тынысымен дем алып ғұмыр кешудеміз. Байқадыңыз ба, біз тамыры тереңнен нәр алып тұрған алып Бәйтеректе ұқсаймыз екен. Содан да болар біздің өзіндік бірегей ата салты мен мәдениеті, ешкім қайталай алмас том – том тарихы бар және рухы мықты - Ұлы ұлт екендігіміз! Себебі, тарихта аты әйгілі Ғұн ұлысының негізін қалаған бабамыз Тәңірқұт Мөденің «Жер - мемлекеттің негізі!» деген ұраны арада мыңдаған жылдар өтсе де біздің санамызда әлі жаңғырып тұр. Сол қасиетті рух әрдайым біздерді тарих көшінен қалдырмай, ел-жұрт, дербес мемлекет болып сақталуымызда да негізгі ұйытқысы қызметін атқарып отыр.

Және бір назар аударарлық жағдай: ...Туған жер тарихы бағытында атқарылып жатқан осындай ізденіс-зерттеушілік жұмыстар барысында - Ұлы Даланың арғы тарихындағы ақтаңдақтары мен көңілге көмескілеу белгісіздігін айқындауда негіз болатын «*...елді мекен, жер-су атауларының да белгілі кезеңдердегі тарихи оқиғаларға байланысты өзгеру жағдайларының орын алғандығына ерекше мән бере отырып қарастыру қажет-ау*» деген түсініктер сананы үнемі мазалап жүреді. Күдіктен – күмән, күмәннан – сұрақ, одан пікірталас туындап, нәтижесінде тарихи деректер мен түрлі мәліметтер мен болжамдар жасалып, шындық пен ақиқатқа көз жеткізуге ұмтылыс жасалады. Нәтижесінде, ізденіс пен зерттеушілік жұмысы жүзеге асып, зерделеу мен болжамдар, ғылыми тұжырымдар дүниеге келеді.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Тарих ғылымдарының магистрі,
Жаркент қаласы

ЖАҚҰТ ЖАН

Кең сарай ана-құшақ шуақтадым,
Керемет ана-кеуде қуатты ағын.
Ақтасам тіршілікте арманым жоқ,
Мен үшін ақ үйірін суалтқанын.

Әдепхан ТӨРЕХАНҰЛЫ

Әрбір адамға анадан ыстық, анадан артық, анадан жақын кім бар дейсіз бұл өмірде. Жер-ана, табиғат-ана деген ұғымдардың өзі ана құдіретінің шексіздігін, мәңгі жасампаздығын аңғартады. Жұмыр жердің бетінде ғажайып көп қой, солардың бірі – Ана! Ана – мәңгі үзілмей жалғасып келе жатқан тіршіліктің тірегіәрі өмірдің сабақтастығын өрге сүйрейтін де – ана. Қазақ – ежелден Анаға деген құрметін ерекше ілтипатпенбілдіріп отырған халық. Аналар, барша әйел қауымы – қазақ халқы үшін аса қастерлі ұғым. Біздің салт-дәстүріміздің қалыптасуы мен сақталуына зер салсақ, шаңырақтан отау өрбіту, ошақтың құтын келтіріп, ырысын арттыру, ауылдың берекесін бекемдеу сияқты ұлағатты істер тікелей әйел қауымының әрекетімен астасып жатыр. Ислам өркениетін қабылдағанда да осы дәстүр мұсылмандық шарттармен үндесіп, сабақтастығын жалғастырды. «Жұмақтың кілті ананың аяғының астында» деген жалғыз ауыз сөздіңөзі қазақы болмыспен астасып, қазақтың жандүниесін айшықтағандай. Сонау ілкі заманнан беріқазақта ел Анасына айналған тұлғалар әсте толастаған емес, Ұмай ана, Тұмар ханым, Домалақ ана, тіпті әйел атымен аталатын ру-тайпалар да бар.

Мемлекет арқауы, ұлттық болмыстың өзегі отбасы екені белгілі. Отбасының өзегі әйел екені – табиғи заңдылық, өмірге ұрпақ әкелу, үй ұстау, ошақтың берекесін арттыру – ананың қолында. Қандай қоғам болмасын отбасының көбеюі, бала тәрбиесі әйелге тәуелді, ал сол үйдің шырайын келтіріп, отбасының құтын сақтайтын ол – ана. Әрине, әке – отбасының тірегі болса, ана – отбасының ұйтқысы, жүрегі. Отбасында қалыптасқан құндылықтар ұлттық танымдыққа ұласатынын ескерсек, қазақы болмыстың үзілмейтін сабақтастығын жалғастырар ұлылық анада. Халық бойындағы бар жақсы қасиетті, тілін, әдет-ғұрпын, дәстүрін қалыптастырып таратушы, дамытушы да әйел-аналар. Генетикалық тұрғыдан тектік тегеурінді әке анықтағанмен, осы әлеуетті әлпештеп сәби кейпіне айналдырып және тәрбие барысында рухани құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіретін де – ана. Сонымен, тұқым қуалаушылық заңдылығына орай тектік қасиеттердің ұрпаққа берілуі әке арқылы жүзеге асқанмен, сол құндылықтардың ұрпақ бойында байырқалануы ана тәрбиесіне тікелей байланысты. Генетика заңдылығына сай тектілік қасиеттердің тазалығы да әйелге байланысты, яғни ұлттың тазалығын сақтау, ұрпақтардың кемелденуі сияқты адамзаттың ұлы мұраттары да тек ана арқылы жүзеге асады. Міне, ананың шексіз құдіреті!

Әлемдегі бар жақсылық ананың ақ сүтінен, ақ тілеуінен, ыстық ықыласынан, риясыз қамқорлығынан бастау алатындығы белгілі. Жазушы Ғабит Мүсіреповтің ана туралы: «Сенің іздейтінің бір-ақ жан. Ол – ана. Ол саған бәрінен қымбат. Сондықтан сен бір-ақ жанды білесің. Ол – Ана», - деген сөзі жүректі тебірентеді. Жарық дүниеге әкелгеннен кейін де, перзентіне аналық сүйіспеншілігімен жылу сыйлайтында – ана. Сірә, балаға деген ана махаббатынан артық құдірет,алапат күш жоқ сияқты. Шынымен, ана – сүйіспеншіліктің, ізгілік пен мейірімнің, әсемдік пен әдеміліктің, нәзіктік пен инабаттылықтың үлгісі. Отбасының тынымсыз тірлігін тындыратын да, балаларын әлпештеп бағып, тәрбиесін уысынан шығармайтын да – ана. Осындайда отбасындағы қым-қуыт тірлікті игеріп, ағайын-туыс пен көршілер арасындағы сыйластық жібін жалғайтын әйел-аналарды шыдамшылықтың, төзімділіктің, алғырлықтың, даналықтың шырағы десек те болады.

Ана деген ұлы ұғымның ең басты мағынасы мейірім болса керек. Қазіргі жаһандану дәуірінде сол мейірімнің жетіспеуі нарық көшіне ілескен заманауи қазаққа тән дертке айналды. Осы бір аласапыран заманда мейірімділіктің қоймасына айналған анамның ақ ниеті көңілге медет. Мейірім, шапағат деген сезімдердің жиынтығы ананың құшағы болар, ана махабатынан құдіретті де қастерлі сезім болмас.

Елуді еңсерсем де, мен бәрібір анам үшін әлі перзентпін. Анам бар болғандықтан ұядағы балапан іспетті өзімді әлі де баладай сезінем. Мен үшін жаныма жақын, жүрегіме жылы ұя – ана құшағы. Анамды сыйлаймын да, құрметтеймін де, әрине, еркелеймін де. Бұл жалғанда баланың еркелігін көтеретін анадан асқан жан бар ма? Анамның бар болғанына Аллаға мың шүкіршілік айтам.

Ана туралы сыр шертіп, ойыңды түгесу мүмкін емес. Қаламгер болмасам да, маған өмір сыйлаған анама алғысымды білдіре отырып, қысқа да болса өз ойымды жеткізгім келеді. Бұл мақаламда Анамның жақсы қасиеттерін қастерлеп, қадірін елге жеткізе алсам қалақтай басымның парызын орындадым деп есептеймін. Өмірде ананың ыстық ықыласы мен әке мейірімін дәмді тамақ та, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайтыны белгілі. Мен үшін бұл өмірдегі ең қадірлі қонақ асыл әжем еді, сонан соң ардақты анам мен асқар тау әкем.

Менің пайымымша, ардақты анамның тілеуі шексіз, істеген ісі, сөйлеген сөзі, елжіреген көзқарасы анамның ақ тілеуін айғақтап тұрғандай. Сәби кезімде, әжемнің көзін ала бере құшырлана сүйетіні, еркелігіме ренжімейтіні, сабағымды жақсы оқығаныма қуанатыны – бәрі есімде, әлі көз алдыма елестейді. Анамыздың мейірімді құшағы, жылы сөздері, шынында, біз үшін рухани азық еді. Бір отбасында он бала өсіріп, оған қосымша балабақшадағы 140-тан астам сәбиге аялы алақанын төсеп, барлығының тәрбиесіне мән беретін. Бала жанының бағбаны болу ерлік дер едім. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы», - деп Абай атамыз айтқандай, жүрегінің өлшеусіз мейірімі болар, ұрпақтары бүгінгі таңда мәуелі жемістей көз қуанышына айналды. Өлшеусіз еңбектің жемісі деген осы да.

«Күнде шықты ата-анадай елжіреп», - деп дана Абай жырлағандай, анамның жарқын жүзін көріп, жүрегім елжіреп кетеді. Адам көңілі әрдайым ыстық ықыласқа, жылылыққа ұмтылады емес пе, ананың мейіріміне шөліркеуде содан болар. Анамды сағынғанда балалық шағым еске түседі, ауылға, қара шаңыраққа асығатыным бар. Ауылды ойласам енесіне жамыраған қозыдай көп сағыныштар жүрекке ұялайды, анамның ыстық мейірімі, қазыналы елімнің жомарт жандары, жазиралы өлкенің келісті келбеті, берекелі дастархандарын жайып, татулықтың таңын атыратын туыстар ойға оралады. Ауылға барғанда анамды көріп, ауылдың ауасын жұтып, тынысым ашылып, кәдімгідей жеңілдеп қалатыным бар. Ауылға соңғы жылдары жолымыз жиі түсе бермейді, шынтуайттап келгенде, мойнымыз жар бермей жатады. Туған жердің ауасынан сетерленіп, әкем мен анамның жанына жайғасып, дастархандағы құртірімшіктен ауыз тиіп, қаймақ қалқыған қою күрең шайды ұрттап бір рахаттанып қалам. Ауылға келгенде жылы шыраймен есік алдынан күтіп алатын анамның әдеті жанымды тебірентеді. Сексеннің сеңгіріне жақындаса да, сол баяғы әдеппен алдымнан шығып, құмарлана маңдайымнан иіскейді. Ардақты анамның осы әдебі ғасырлар бойы ұрпақтанұрпаққа жалғасқан қазақы мейірімнің алтын арқауы іспетті. Анамның осы ізеттілігі бақилық өмірге аттанған асыл әжемнің алтын бейнесін көзіме елестетеді.

Менің пайымдауымша, адам жанының сұлулығын айғақтайтын денсаулық пен адал еңбек болса, сұлулықты сомдай түсетін қасиеттерге ізеттілік пен сыйластықты жатқызар едім. Жарты ғасырдан астам ғұмырымда өмірден түйгенім, адам тірлігінің негізгі арқауы – араласу, өмір сүрген ортаңда дұрыс қарым-қатынас жасау. Жақсы білетінім, анамның ағайын ортасында, туған-туыс арасында алтын көпір болғаны, ағайынның арасы алшақтап кетпесін деп бәйектеп жүргені. Әжемнің өнегесі, ана сүтімен дарыған қасиет болар, ағайын-туыстың жақсылығына қуанып, қолғабысын аямайтын, тұрмысы нашар туысқа жәрдем беріп, аяқтанып кетуіне бар көмегін көрсететін. Бекіспей жатқан туысты шекістірмей, әрдайым, араша болғанына куәмін. Ізеттілікпен үлкеніне басулық айтса, кішісіне «ағаны сыйлаған арымас» деп ақылын айтып, сыйластық желісіне сызат түсірмеуге ұмтылатын. Ағайын-туыстың араласуына, ұрпақтарының татулығына мұрындық бола білген анамның адамгершілігі – жан сұлулығының айғағы.

Өткенге көз жүгіртсем, әкем мен анамның өмірге деген құштарлығынан, жақсыға деген ынтызарлығынан болар, жұрттан қалмай қоғамның бел ортасында жүрді. Кеңес дәуірінде, ауылдың қоңыр тірлігі белгілі, кедейшілік етектен тартпаса да, қонақ келсе дастарханды жайнатып кісі күтуге әркімнің шамасы келе бермейтін. Біздің отбасы қарапайым қалыпты тірлікпен өмір сүрді, әкем мұғалім, анам балабақша қызметкері, асып бара жатқан байлық та жоқ. Дегенмен, тіршілікке деген икемдері және ерінбейтін еңбексүйгіштік қабілеттері арқасында қазақы қонақжайлылыққа тән дастарханымыз әрдайым жайнап тұратын. Қорадан ұсақ мал үзілмейтін, ал қара мал мен жылқыны мал баққан ағайындарға аманаттап қосып қоятын. Осындай тірліктің арқасында дастарханымыздан әрдайым сары май, ірімшік пен құрт үзілмейтін. Әжемнің жеңсік асы – қазы-қарта, жент жыл бойына дастарханның сәні болатын. Қонақ келсе қой сойылып, қуырдақ жасалып, ет асылатын. Өскен әулеттің қара шаңырағы болған соң, әжеміз үйде, келімді-кетімді кісі – төрімізде. Алыстан әдейі іздеп келген ағайындар, әжеммен амандасуға келген ауыл ақсақалдары, әріптестер, қызметтес мамандар, әйтеуір, күнұзақ үйден қонақ арылмайды, дастархан жиылып үлгермейтін. Осындайда жұмысын да атқарып, қонақтар легін де күтіп алуға анамның үлгеретініне таңым бар. Әжем салған дәстүрмен келген қонаққа мол дастарханын жайып, жарқын пейілімен асын беріп, кетерде жөн-жоралғысымен шығарып салатын.

Ағайын-туыстың орны бөлек, дегенмен қоғам мүшесі ретінде адам өмірінің басым көпшілігі жұмыс атқарған ортада өтетіні белгілі. Анам өзіне тән кішіпейілділігіне, ізеттілігіне орай кеңшар адамдарымен, көршілермен өте жақсы араласты. Адамдармен жақсы қарым-қатынаста болғандықтан, әкемді аудан деңгейінде өнер адамы ретінде құрметтесе, анамды кеңшар (совхоз) мамандары мен қызметкерлері жақсы сыйлайтын. Қызметкерлер мен жұмыскерлердің балалары кеңшардағы жаңа үлгіде салынған, ғимараты әсем балабақшаға баратын. Осы балабақшаның іргесін өзі қалаған анам балаларға деген мейірімділігімен, қамқорлығымен, ата-аналарға деген кішіпейілділігімен елге сыйлы болды. Осы балабақшадағы ширек ғасырлық еңбек бейнеті зейнеткерлікке ұласты. Зейнетке шыққан соң, өз құрсағынан өрбіген немерелерінің қызығы басталды. Анамның өмір жолы ағайын-туысқа, қызмет еткен ортасына сыйлы жақсы мінезді адамның өмір үлгісі сияқты. Бұл анама тән мейірімділіктің жемісі.

Ақын адамның жұбайы болу – әркімге бұйыра бермейтін сынақ. Анамның әйелге тән инабаттылығы болар жеке басының қамынан отағасының абыройын биік қойды, жан тыныштығынан ағайынның қамын артық санады. Бұл – менің анама тән мәрттік, даналық қасиеттері. Әкем қонақты күндіз де, түнде де ертіп келе беретін. Сонда анамның бір рет болса да қыңқ деп қабақ шытқанын байқамаппын. Баспасөзде жаңадан жарық көрген шығармаларын немесе жаңадан шыққан кітаптарын талқылауға қаламгерлер жинала қалса, бұл отырыстың арты қызу пікірталасқа ұласатын. Кешке жиналған қаламгерлер таң ата тарасатын, бұл сол кезеңге тән қалыпты құбылыс еді. Біздің үйден аудан, облыс шеңберіндегі қаламгерлерден басқа, республикаға аттары мәлім атақты ақындар, жазушылар, әртістер қонақ болып, әжемнің батасын тыңдап, анамның қолынан дәм татты. Халық әртісі Дәнеш Рақышев ағамыз біздің үйдің тұрақты қонағы болатын, туыстығы да жақын еді. Дәнеш аға Панфилов ауданына концерттік сапармен келсе де, Белжайлауда демалса да, әжеме арнайы сәлем беріп, сыбағасынан ауыз тимей кетпейтін. Адуынды ақын Өтежан Нұрғалиев, Рахметолла Нұрпейісов, Қасенхан Талғаров, Әбен Дәуренбеков, Жұматай Жақыпбаев, ауызша тарихтың атасы Ақселеу Сейдімбеков, профессор Қойшығара Салғарин, көсемсөзші Сабыржан Шүкіров, әйгілі әнші Нұрғали Нүсіпжанов, белгілі композиторлар Әсет Бейсеуов пен Ескендір Хасанғалиев, қаламгер Аққөл Отарбаев, академик Ануар Байжұманов пен Бескемпір Сейдалиевтер, қоғам қайраткерлері Қуаныш Сұлтанов, Рамазан Сарпеков және Оразкүл Асанғазылар біздің үйде қонақ болып, анамыздың қолынан дәм татқан. Қоғам қайраткері Мырзағали Молдахметов, белгілі баспагер Ұлықман Асылов, халыққа танымал қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржекеев, оқырманы мол журналист-жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, суретші Байтұрсын Өмірбеков, туыстығы жақын жазушы Тұрсынғазы Әлпейісов тағы да басқа бір топ шығармашылық адамдары – дастарханымыздан дәм татып, анамның ықыласына бөленіп, баталарын берген жандар.

Осындай толассыз қонақтар – анамның кең пейіліне біткен құт-береке. Нарыққа бет бұрғалы жұрттың есіл-дерті дүниеге ауды, ойлағандары байлық. Әрине, «Дүние тұрлаусыз, байлық – қолдың кірі» дейміз, айтуға оңай, бірақ мағынасына үңіліп жатқан пенде аз. Бала болсақ та, көңілде қонақтаған, көкейде жатталған сол кезеңнің тынымсыз тірлігі, сол дәуірдің адамдарының жан жомарттығын, ұлттық болмыстан тамыры ажырамаған кеңпейілділігін, қайырымдылығын еске салып отырады. Ақселеу ағамыздың шежірешіл шешендігі, Сабыржан ағамыздың көсемсөздігі, Дәнеш ағамның ән орындау шеберлігі әсте естен шыққан емес. Көгілдір экраннан тыңдаған бір басқа да, жақыннан көріп, дараланған тұлғалардың ерекше қасиеттерін тамашалау басқа әсер береді. Сол отырыстар өнер сыйлаған қауымның құмарын қандырып, өскелең ұрпаққа зор өнеге болғаны қандай ғанибет! «Тәрбие тал бесіктен» дегендей, ес кіргеннен өнер адамдарын көріп, тыңдап өскендіктен болар, өз басым өнер адамдарына аса құрметпен қараймын. Анам да әрдайым: «Өнер адамына айрықша бап керек», – деп отыратын.

Көкірек сарайының көркемдігі болар, анамның өнер адамдарына деген ілтипаты ерекше. Солардың бір өкілі ретінде әкемді ақын ретінде қадірлеуіне сүйсініп, ұлағат ұялаған жылы жүрегіне тәнті боламын. «Ат аунаған жерде түк қалады, қонақ отырған жерде құт қалады» демекші, балаларының бақуатты тіршілік кешуі ата-анамыздың қонақжай пейілінен де болар. «Алланың адамға жасаған жақсылығы – өмір жолында жақсы адамдарды жолықтырғаны» дегендей, бұл да болса Алланың берген сыйы.

Әкеміздің бойында өнер адамдарына тән тікмінездік бар, жұмыста қатал мұғалім, отбасында қаталдығы басым отағасы болды. Осындайда ағайынның арасын жақындатып, ынтымағын арттырып, әулеттің береке-құтын жарастыратын кепілдік анамның мейірімділігі, кішіпейілділігі, пейілінің кеңдігі еді. Жасы кіші туыстарға да үлкен жасымен бас иетін кішіпейілділігімен өзінің кісілік келбетін сомдаған анамның бойында қарапайымдылықпен қатар, мәселенің тереңіне бойлайтын сұңғылалық, сөзі мен ісіне мығымдық қасиеттер де өріс тапқан, қысқасы қазақы кеңпейіл даналық тоғысқан. Анамның болмысын ерек көрсететін осы адами қасиеттер жан қуатының әлеуетін айқындап, жүрген ортасын жылылыққа көмкерер қасиетін паш еткендей. Ана ұлағатымен бой жетіп, ене тәрбиесіне сусындаған анам – тіршіліктен түйгені көп, ұлттық салт-дәстүрімізге тән жөн-жоралғылардың білгірі екенін ісімен дәлелдеп келе жатқан дара да дана қасиет иесі.

Әрдайым ізетінен жаңылмай, кез келген шараға орай оның мәнін ашатын сыйсияпатын әзірлеумен айналасын үнемі тәнті етіп келеді. Құдаларын құдайдай күтетін анам әр құдаға жеке-дара кәдесін сақтап, дастарханға ұлттық тағамнан жасалған ас мәзірін дайындайтын. Ас әзірлеуде анамның дара қолтаңбасы астың дәмін келтіріп, ұмытыла бастаған тағамдардың замана үдесіне сай қайта жаңғыруына да ықпалын тигізгені қазақы салт-дәстүрге сүйіспеншілігін білдірер. Дастархан жайғандағы өзіндік қолтаңбасы және ырым-жоралғыларды заманауи сипатта қолдануы қазақы дәстүрдің көркеюіне қосқан үлесі дер едім.

Әкеміздің өнеріне бас иіп, ел адамы деп пір тұтты, бұл да гендерлік саясат дүрілдеп тұрған заманда, қазақы әйелге тән әдеп. Әкеміз елуді еңсергенде, алпысты алқымдағанда, жетпіске жеткенде де мерейлі асуларына шын ниетпен қуанып, ағайын-туыс, әріптестер, қаламгер жолдастарының басын қосып, той рәсімін ұйымдастырып, басы-қасында жүрді. Ата-анаға деген іңкәр ілтипатпен Әдепхан әулетінен тараған ұрпақтар жиылып, бір отаудан он шаңырақ өрбіткен ата-анамыздың жарты ғасырлық алтын тойын өткіздік. Алтын тойдан соң, «Әкемізге той жасап жатырмыз, ана, сізге де арнайы той жасайық», – деп рұқсатын алып, жетпіс бес жылдығына орай той ұйымдастырдық. Сонда анам: «Аллаға разымын, балаларыма рахмет, адам баласында арман таусылмайды, кейінгі ұрпақтар ұмытпасын, бөтен елде жатқан бабалардың басына құлпытас орнатқандарың жөн болар», – деген ниетін білдірді.

Сонымен, арғы бетте қалған бабамыз Жақыбай биге, атамыз Төрехан ақынға, қиын кезеңдерде құлпытас орнатылмаған әжеміз – Әжібай болыс қызы Шаруан апамызға ескерткіш орнаттық. Бабалар құрметіне арналып арнайы ас беріліп, рухтарына құран бағышталды. Қонақ келмесе көңілі құлазып тұратын, әсіресе, құдаларымен қауышуға ынтызар анамыз осылай ел-жұрттың басын қосып, үлкен ас берудің дайындығына ерекше ықыласпен кірісті. Егделік болар, құдаларын күтіп алған соң, ас беретін күні он екі құрсақ көтерген анамның денсаулығы сыр берді. Ауруханада жатып, құдайы астың қалай өткеніне алаңдап жатты. Осыдан соң, замана дерті сусамыр ауруы меңдеп, дүркін-дүркін қанты көтеріле берді. «Мама, балаларыңыздың қамын, ағайын-туыстың татулығын ойлап, немерелеріңіз бен шөберелеріңізге деген сүйіспеншілігіңізден қаныңыз тәтті болып

жатыр, бір уақыт өзіңізді ойласаңызшы», – десем, жымиған жылы шыраймен тағы да Астанадағы немелерін сұрап, аруақтарға бағышталған астың жақсы өткеніне разылығын білдіріп жатты. Жүрегі қандай кең, өз қажеттілігінен гөрі ұрпақ қамын жоғары қойған, қазақтың дархан пейілі көкейіне қонақтаған қазыналы ана, сіздің осы жомарт жүрегіңіз ғой елдің құрметіне бөлеген!

Анам әдепті, көргенді әрі бауырмал, қайырымды жан. Көңіл көкжиегі, ой дариясы өте кең. Кітаптарды көп оқыған, кеудесіне ғибратты сөздерді көп тоқыған зерделі, ізгі адам. Орыс тіліне жетік, қазақ тіліне шешен, ойы жүйрік, парасаты жоғары. Әкем өлеңдерін қағазға төте жазумен түсіреді, осы жазғандарды кириллицаға түсіріп, баспаға дайындау – анамның қызметі. Маржандай жазуы мектепте көркем жазудан әрдайым алда болғанын айғақтап тұрғандай. Өзіне тән ұқыптылығына орай әкемнің шығармаларын ықсаттап жинап, баспа бетінде жарық көргенше жаны байыз таппайтын. Бір сөзбен айтсақ, әкемнің шығармашылығының шырақшысы анам болды.

Өзінен үлкендерге кішілігі, әдептілігі қандай жарасымды, әсіресе, менмендігі жоқ. Кішіге деген сыпайылығы, балаларға деген мейірімі, ағайын-туысқа деген қамқорлығы ерекше жан. Әжемнің тәрбиесі бар, нағашы апамның үйреткені болар, үй шаруасына пысық, қолы епті, ісмерлігі де бар. Қазіргі уақыт мінберінен қарасақ, анамның жұмыстан тыс үй шаруасын атқарғаны бүгінгі жастарға ертегі айтқандай болар. Анам барлық үй шаруасын жалғыз өзі тындыратын: оннан астам жаны бар отбасында үй ішін жинау, кірін қолмен жуу, табаға нан пісіру, ертелі-кеш пешке от жағу да анамның мойнында, таңғы ас пен түскі асты дайындап кетсе, кешкі тамақты өзі келгенде жасайтын. Қағілез мінезіне орай, жеңіл тұрады, жеңіл жүреді, жағдай талғамайтын шаруақор адам. Мұндай жайсаң қасиет екінің бірінде бола бермейді-ау. Қазақтың ауызша тарихының абызы Ақселеу ақсақал айтқандай, менің анамның еңбегі гүлге қонып, бал шырынын жинап, оны алып келіп бір қауызға құйып балға айналдыратын бал арасына ұқсайтын. Бардан құрастырып, басын біріктіріп, жоқты білдіртпейтін өте іскер, үнемшіл әйелдер сапынан. Орынсыз ысырап жасауға жаны қас, іштарлық, күншілдік, сыпсың сөз бен сумақы қылықтарға жол бермеген инабаттылығы мен имандылығы қатар өрілген ибалы жан. Кіші болсын, алыс ағайын болсын, көрші болсын, адамдарды бөліп-жарып, алалауды ұнатпайтын және адамдарды ренжітпеуге тырысатын жайсаң мінезімен елге танымал.

Қазақта «көңіл сыйса, бәрі сияды» деген сөз бар. Анам кішіпейіл, ақкөңіл келін болып, қайын жұртын жатырқамай, әулеттің үлкен-кішісін бауырына тарта білді. Анамыздың пейілінің кеңдігі мен бауырмалдығы арқасында, Төрехан әулетінің әр үйінде береке байырқалап, ырысы молайды. Адамның пейілін, айтайын деген ойын, ниетін қас-қабағынан танитын. Әжемнің көңіл күйіндегі кірбіңді байқаса, сыр берместен, ол кісінің жақсы көретін тамағын әзірлеп, асты-үстіне түсіп бәйек болатын. Әжемнің дәрет суын әзірлеп, сонан соң от жағып, шайын қайнатып, үй ішін тап-тұйнақтай таза ұстау анама тән әдет, үй шаруасын ынтапейілмен тыңғылықты атқаратын ұқыпты жан. «Зергердің қолы зеріксе» деп, байыз таппайтын іскерлігі арқасында үлкен отбасының тірлігін тындыратын. Өмір болған соң, балалар шекісіп жатады, көршілер базына айтады, ағайын-туыс арасында ұсақ-түйек түсінбеушіліктер болып жатады, осындайда анам өзіне тән кішіпейілділігімен бәрінің алдынан күлімдеп шығып, жылы сөзімен уатып, сыпайылығымен ашу-наразылықтарын десін басатын.

Саналы өмірімде анамның әжеме көрсеткен құрметіне, әкемізге деген ыстық ықыласына, туыстарға деген сыйластығына және балаларға деген мейіріміне тәнті болам. Өз балалары болсын, өзге балалар болсын, еркеліктерін ерсі көріп, дауыс көтерген адам емес. Болмысынан ізетті жан-ау, балабақша балалары да анамды өз аналарындай жақсы көрді, алдынан жүгіріп шығып, еркелейтін. Ағайын туыстың балалары да, көбіне, біздің үйде жүретін, мүмкін, әжем болған соң да солай болған болар. Дегенмен, жібектей мінезі, кішіпейілділігі, бауырмалдығы анамның тек балаларға ғана емес, басқа да туыстарға сыйлы болуына ықпал етті. «Аз жақсылық жасағанға да көп рахмет айту – парыз» деген ұстанымымен және кешірімділігімен жан-жағына жүрек майынан шамшырақ жаққан мейірманды жан. Өзінің кең пейіл мінезімен анам бізге өзара түсіністіктің мәнін және өзінің өзгелерге, өзгелердің де өзіне керектігін сезінуді үйретті.

Әлемді тербеген Ана туралы:

«Тербейді Ана көлеңкені, шуақты,
Планетаның алақаны сияқты», – деп жырлаған Жүмекен Нәжімеденовтен артық айта алмаспын.

Қазақ ырымшыл халық екенін ескерсек, Кеңес дәуірі саясатының кесірінен алдындағы малынан айырылып, сүреңсіз тірлікке ұрынып, онан кейін соғыс басталып, елдің басына қиын кезең келгенде, ырысымыз ортаймасын, өрісіміз кеңейсін деген ниетпен менің анамның есімін «Ырысжан» атаған екен. Қазақтың ауызша тарихында «жеті ырыс» деген түсінік болған, оның бірнеше нұсқасы бар. Нағашы апам Сақыпжамал әжеміздің айтып отыратын нұсқада ырыстың ең алғысы адамның ақылы, санасы, онан соң денсаулық, үшіншісі – ақ жаулық, яғни ердің жары, төртінші ырыс – бала, ол өмірдің жалғасы, бесінші ырыс - пейіл, пейілің кең болса, ынтымақ орнап, берекең артады, алтыншы ырыс – жер, жетінші ырысқа итті жатқызатын. Нағашы апамның осы пайымдауына бала кезімде аса мән бермесем де, есейе келе, осы шарттардың үйлесімді орындалғанына куә болдым. Осыдан соң, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген пайымдаудың өмірден өрілгеніне шүбә келтіре алмайсың.

Анамның атасы Бықыбай Суан тайпасының ежелгі руы Жәдігер елінің беделді адамы болған. «Бықыбай ашасы» аталып кеткен жайлаудың бір саласы өрісі шүйгін, малға жайлы қоныс. Еренқабырға өңірі Айдарлы ауылының ең шұрайлы жері «Көктерек» нағашы атамның көктеуі екен. Бұл мекен – суы мол, таудың етегінде орналасқан, күз және көктем уақыттындағы ызғардан малға ықтасын болатын, өте жайлы қоныс.

«Берген жомарт па, алған жомарт па» дегендей, анам айналасындағыларға көмектесуге ниеті ауып тұрады. Ағайын-туыс арасында сыймен бірге қатарласып сәлем-сауқаты жүреді, әрдайым балаларға берер базарлығы, жіберетін сәлемдемесі дайын тұрады. Ал, тірліктері нашар отбасына қамқорлық жасаса, жаны жайланып, көңілі тыншитын. Тым құрыса, көңілін аулап, жылы сөзімен демеу беретін. Басқаларға сүйіспеншілікпен қарау, зәру адаммен шын жүректен бөлісу – тумысынан аққөңіл анама тән жомарттық. Күнделікті тірлікте байқалмаса да, ержете келе осы әдептің көпшіл болуға, бауырмалдықты баулуға ықпалы зор тәрбиелік мәнін түсіндім. Барған жеріне сый-жоралғы апару, балаларға базарлық тарату, қуанышын, жетістігін ескеріп байғазы беру үлкенді риза етсе, сәбилерді қуанышқа бөлейді. Әжемнен бері желісі үзілмей келе жатқан осы дәстүр – бауырмалдықтың, сыйластықтың дәнекері. Адамшылық пен ізгілікке емес, мансап пен байлыққа көзсіз ұмтылдырған мына заманда қазақы дархандықтың арқауы болған осындай сыйластық үзілмесе екен деймін.

Кім балаға жақын болса әрі адамгершілік құндылығы күшті болса, соның ықпалымықты болады-ау. Әкемнің тектілік тегеуріні балалардың ой-қарымын, қабілетін анықтаса, анамның тәрбиесі балалардың бойына жақсы қасиеттерді дарытты. Қазақы дәстүрдің мәйегін жоғалтпаған әжемнен келе жатқан тәрбие үрдісін анам өзіне тән кішіпейілділікпен, ізеттілікпен жалғастырды. Дастарханға отырғанда үлкеннен бұрын асқа қол салу, кісінің алдындағы тағамға қол созу сияқты әдепсіздік баланың бойына сіңсе, бала сұғанақ болады деп тыйып отыратын. Баланың еркін шектеп, әуестік сезімін ірке, тежей білуге икемдеу арқылы оның бойына әдептілік әдетін сіңіру анамның тәрбиелік қағидасы болатын.

Жастайымыздан ата-анамызға қолқанат болдық, үйдегі тірлік әркімнің шамасына орай бөлініп берілетін. Үйді таза ұстау, кір жуу, тамақ дайындау қыз балаларға жүктелсе, дала жұмысы: малға су беру, азықтандыру, ауланы реттеу, бақшаны күту ұл балаларға тиесілі болды. Жазғы демалыста кезек-кезек малдың қыстық шөбін дайындайтынбыз. Біздерді кішкентайымыздан еңбекке баулыды, шыдамды етіп дағдыландырды, бастаған істі аяқсыз қалдырмай, ақырына дейін жеткізуді үйретті. Осылай жауапкершілікті шыңдау арқылы сабырлылыққа тәрбиеледі. Бізді тіршілік етуге баулып, ісімізді қолдау арқылы, атқарған шаруаға сенім артып, бойымызға сенімділік ұялатты. «Әкенің сабағы – қабағы» деген ұстаныммен әкем үй шаруасына көп араласпайтын, барлық шаруа анамның уысында, әжеммен кеңесіп, оңтайлы шешім табу анамның құзырында болды. Дастархан басында күнделікті тірліктен қатар, тәрбиелік мәні зор әңгімелерді де жиі айтатын анамның жақсы әдебі бар. Әсіресе, күншілдік, кекшілдік, сараңдық, ынсапсыздық, салғырттық сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуды айтып, «Жан тазалығы мен тән тазалығы – Алла аманаты екенін ұмытпаңдар», - дегені құлаққа сіңіп қалды.

Саналы өмірінде ақынға жар болған, он екі құрсақ көтеріп, бір отаудан он шаңырақ өрбіткен, бір әулеттің берекесін ұйытып, ырысын арттырған менің анамның жан дүниесі кең жан. Жан дүниеге адамның ақыл-ойы, санасы, таным-білімі және күш-жігері жатады десек, осы қасиеттердің барлығы анамның жүрегіне ұялаған. «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. ...Жүрек ізгі тәбиғи жылылықтың көзі», - деген екен ғұлама әл-Фараби. Басқа мүшелерге жылылық жүректен тарайтынын ескерсек, олар жүректен нәр алып отырады. Жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету миға ғана тән қабілет десек, анамның таным-білімі мен күш-жігерінің тегеуріні жүрегінде ме деп пайымдаймын.

Анамның жақсыны да, жаман пиғылды да жүрегімен сезетін ерекше қабілеті бар. Қазақы дүниетанымда адамды желеп-жебеп отыратын қасиетті рух деп түсінгеніне жүгінсек, анамның рухы мықты дер едім. Бұл рухтың төркіні тектік қасиетте-ау. Өйткені, Алпамыс батыр жауға аттанғанда екіқабат қалған Гүлбаршыннан туған балаға Жәдігер деп ат қойылыпты. Суан тайпасында да Жәдігер руы бар.

Дегенмен, Абай іліміне сүйенсек, жан қуаты талаптан туындайды, ал екді талаптан туындайтын адам бойындағы қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына аянбай еңбектену, үздіксіз ізденуі мұрындық болады. Күнделікті тұрмыста тұтынуға қажетті дәулет тән қуатымен құралса, жан қуаты рухани қажеттілікті өтеу үшін білім, таным, өнерге ұласады. Шын мәнінде адам болу үшін дүниенің сырына үңіліп, мәнін терең ұқса ғана адам санасы жоғары болмақ. Көргенін, оқығанын көкейге қондырып, тез байламға келетін анамды жан қуаты мықты жан дер едім. «Жол салмасаң, ол жолмен жүрмесең жолдың ізі де қалмайды» деп әжем айтқандай, әжемнен кейін әулеттің ынтымағы мен ырысын уысында ұстаған анамның дара жолы кейінгі көкейінде көзі бар ұрпаққа өнеге болар. Шынымен де, жүректің әміріне жүгініп, тынымсыз әрекет етпесең, көп біліп, көп оқудың пайдасы жоқ қой. Өмірден көргенін, оқып білгенін, сезгенін, ойына түйгенін молықтырып, жиғаны көп ізденгіш анам ой қазынасына жинағанына сынмен қарап, жақсысын талдай отырып, өзіне керегін алған әрі көрген, әрі өте еңбекқор адам.

Ана үшін балаларының азамат болғанына куә болып, олардың жақсылығына ортақтасқаннан артық бақыт жоқ. Балаларының бойына кең жүрегінің бар шуағын, жылылығын дарытып, ақыл-ой мен күш-жігердің қуатын сыйлаған анамның еңбегінің жанғанына тәубе деймін. Сұлулықты ұғынуға, әсемдікті аялауға, өнерді бағалауға, ерінбей еңбек етуге, шыдамды болып, табандылықпен іс атқаруға, адам баласына адал болуға, жан-жағына шапағатын шашып, нұрланып жүруге анам сөзбен ғана емес, өз өмір-өнегесімен тәрбие берді. «Өмірден не аларыңды емес, не қалдыратыныңды ойла» деген қазақы пайымды ұстанды. Орыс жазушысы Антон Чехов: «Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі, сондықтан да ол әруақытта мейірбанды, жайдары, сыпайы келеді», - деп айтқандай, анам әрдайым жайдары қалыпта айналасындағыларға мейірін төгіп келеді. Менің пайымдауымша, анамның өмірлік ұстанымы адам неғұрлым мейірімді, ақылды болған сайын өзгенің жақсылығын бағалай алатынына куә. Ағаштың түбіндегі ылғал дем бергендей, адамдардағы өмір сүруге деген құштарлық, қуана білу сезімі, мейірімді болуы сол ылғал секілді. Адамның қуат алар ылғалы сарқылмас үшін ол мейірімді, көпшіл, қанағатшыл болуы керек, әрине, таным-пайымы кең болғаны да абзал.

Анам жәрдемдескен немесе балаларының өмірде жақсы азамат болуына ықпал еткен адамдарға әрқашан үлкен құрметпен қарап, сый-сияпатын үзген емес. «Кісіні көлеңкесі жетелемейді, кісі көлеңкесін жетелейді» деген әжемнің ұстанымына берік болды. Қазіргідей құбылмалы заманда құбылмай ғұмыр кешудің өзі оңай шаруа емес. Адамның адамгершілігі, сөз жоқ, бойға біткен парасат қуатының тегеуіріндігінде. Құбылған өмірде, анамның парасат тегеуріні тұйықталмай, төңірегіне шапағат нұрын шашып, сасқанға сабыр дарытып, адасқанға жол көрсетіп келеді. Байсалды мінезімен, кішіпейілдігімен асқанды тәубесіне келтіру де – әркімде кездесе бермейтін, анама тән қасиет. Анам – өзгеге берген нәрін бұлдамаған, ал өзгеден алған нәрін әрдайым салмақтап отыратын қанағатшыл адам.

Анамның ұқыптылығы – құнттылықтың үлгісі. Өмірден ерте өткен қайнысы Ғани Төреханов әкеміздің жеңгесіне арнаған халық арасында айтылатын өлеңдер мәтіні, оралымды ойлар жазылған дәптерін сандық түбіне салып сақтап жүргені қандай сыйласымдық. Қазіргі компьютер дендеген дәуірде, көркем жазу, сурет салу деген өнер көмескіленіп барады, осы дәптерге қарасаң бояумен қолдан салған әртүрлі табиғи көркем көріністер, өлең мәтінін көмкерген әсем суреттер адамның көзінің жауын алады. Осы дәптерді көз қарашығындай сақтау қайнысына деген сүйіспеншілігін, оның өнеріне деген құрметін дәріптегендей. Осы құнттылығымен қатар әрдайым жемісі жайқалып тұратын бақшасын, жеңсік тағамдар қойып, жайнатып қоятын берекелі дастарханын айтсақ, анама тән құнттылық адам жанының әсемдігін әспеттегендей.

Тұла бойы сұлулыққа, ізгілікке тұнған нәзік жанды анамызға, бойында өнер бұлқынған қызуқанды әкеміздің ыстық құштарлығы қосылып, махаббаттың отын маздатып, өмірдің өрелі шындарын ырықтарына бағындырған ғибратты ғұмырларына шүкір деймін. Әкемiздің ақындық қуатының бұлқынып шығуы анамызға деген ғашықтықтан туындағаны – астарсыз ақиқат. Асыл жарына деген ыстық сезіммен астасқан ойлары оннан астам өлеңмен өріліп, «Ақынды сүйген қыз қандай» атты тарихи өмірбаяндық дастанмен өрнектеліпті. Әнін де, сөзін де өзі шығарған «Жайлау әнінде» жүректе бұлқынған сезім ірімдерін ерекше әуенмен әспеттеген. Байырғы Суан тайпасы орныққан Еренқабырға тауын мекендеген халыққа тән әуезімен ерекшеленетін осы әнді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Дәнеш ағамыздың сүйікті шәкірті Нұржан Жанпейісов інііміз орындап жүр. Көпшіліктің көңіліне қонақтаған, Жаркент өңірінде жиі орындалатын «Сағыныш сазы» деген әннің сөзі – әкеміздің анамызға деген сезімінен туындаған өлеңдердің бірі. Міне, ғашықтық іңкәр сезімнің құдіретімен махаббат отының маздаған арналары.

Менің білуімше, Наурызға қатысты тарихта екі ұлы жазба бар, Авеста мен Фирдоусидің «Наурызнамасы». Авеста жазбасында Имма патшалығы болғанын, сол кезеңде адамзат өркениеті керемет өрлеп, соның құрметіне Жаратқаннан нұр жауған, сол нұрмен бірге жақұт тақ түскен дейді-мыс. Жақұт – алмастан кейінгі ең бағалы асыл тас екені белгілі. Таза жақұт астеризм эффектісіне ие, яғни оған күн сәулесі түскенде тастың ортасында алтыбұрышты жұлдыз пайда болатын қасиеті бар. Ертеректе «өмір және махаббаттар тасы» деп есептелінген жақұтты астрология ілімінде даналық тасы деп есептейді және иесіне өтірікті айыра алатын қасиет береді деген наным бар. Наным дегеніміз – өмір сүру барысында дүниені тану, талдау және ой елегінен өткізу арқылы игеруден туындайтын тұжырым-түйін екенін ескерсек, нанымға айналған адам пайымы әр пендені немқұрайлы қалдырмайтыны анық. Отбасындағы кенже ұлдың қызына «Жақұт» деп есім бергені кездейсоқтық емес сияқты. Күнделікті тірлікте көп нәрсеге мән бермейтініміз шындық, осындайда тосыннан қойылған ат, мүмкін Алланың қалауымен ауызға түскен болар. Өйткені, Жақұт есімді немере әкем мен анамның отау көтергендеріне 55 жыл толған «жақұт той» қарсаңында өмірге келді, екіншіден – біздің әулеттегі анамнан кейінгі «алтын алқалы» ана атанған келіннің «майкөтен» қызы. Мәриәмкүл әжем бастаған Төрехановтар әулетінің бартал көшін анамыз Ырысжаннан кейін жалғастырған Алуа келініміз болды. Әулеттегі салтанатты көштің жарасымдылығын жалғастыру үшін де жақұттай мықтылық қажет, ал жақұтқа тән сәуле шашу (астеризм эффектісі) осы көштің көркемдігін әспеттейтін әдемі көрініс. Жақұт деген сөз анамның жан қуатының мықтылығын айқындап, оның жарық түскенде жарқырап сәуле шашатын әсері айналасындағыларға дарыған мейір шуағын дәріптегендей сезінем.

Ақын Қалижан Бекхожин:
Әйел абзал атқаратын ер ісін,
Кестелейтін несібенің өрісін.
Сүйсінемін көріп білгір әйелді,
Көркі,ісі бірдей тапқан келісім, –
деп жырлағандай, жақұт жанды анам бір әулеттің көшін ер-азаматқа бергісіз қажырлылықпен алға сүйреп, сол ауылдың өрісін кеңейтіп, ырыс-несібесін молайтып, ұрпақтарын межелі биіктерге ұшырды. Әкемізді сыйлау арқылы ұлдарының бойына жігерлі болуды, намысқой қасиеттерді дарытты. Бүгінгі таңда, «Өнеге көрген балаға ұлағат ұялайды» дегендей, барлық балалары – ел алқаған елеулі жандар. Бақыт десеңіз де, Алла берген сый десек те, анамның өнегелі өмірі – рухани байлықтың алтын өзегі. Абай ізденістеріне сүйенсек, тәні таза, жан қуаты қарымды, сезімі ерек жандар әулие қатарына жатады. Әрине, әулие деген сөз көп қырлы, дегенмен, мен анамды әулие десем артық болмас. Абыройын көздің қарашығындай сақтап, сезімін аялап, сыйластығын аямаған, ақыл-ойы мен тәжірибесін үздіксіз байытып, адамгершілігіне қылау түсірмеген, қазақы дәстүрді мүлтіксіз сақтаған адамды әулиелер сапына қоссақ жарасып тұрары анық. Жақұт сөзі анамның жан қуатын анықтаса, әулие деген сөз керемет қасиетке ие, рухани тәрбие беруші тұлға ретінде анамның болмысын айғақтағандай.

«Мен өзіңді теңдесі жоқ құдірет деп түсінем,

Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен», – деп Төлеген Айбергенов жырлағандай, Ананы құрметтеу – әр адамның парызы, Ана құдіретіне бас ию – әр адамның көңіл түкпірінде жатқан үлкен бірізгі ниеті дер едім. Біздің ауылдың байлығы да, асылы да, мәні мен сәні де – менің аяулы анам. Аяулы Ана,тұңғыш балаңыздың көңіл тебіренісін өзіңізге деген алғысы деп қабылдарсыз.

Айбын ТӨРЕХАНОВ,
ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик.

ПАЙҒАМБАР ЖАСЫНДАҒЫ ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ

Қасиет қонған біздің Жаркент өңірі өзінің әсем табиғатымен, шаруаға қолайлы ауа-райымен сондай-ақ, елімізге танымал тұлғаларымен, аймаққа әйгілі ел ағаларымен де аты шыққан киелі мекен. Осынау алдыңғы толқын ағалардың ізімен ғұмыр кешіп қарапайымдылықты жанына серік етіп, ауыл-аймақтың мақтанышына бөленіп жүрген атпал азаматтарымыз да баршылық.

Осындай жаны жайсаң құрметті, кішіге ізетті, ар мен абыройды жанына жалау етіп, пендешіліктен биік ұстаған жанның бірі – біздің Панфилов ауданындағы Лесновка аулының (Талды) тұрғыны – Тоқбаев Күнболат Шәмейұлы ағайымыз.

Ағамыздың азаматтық тұрғыдағы ең басты ерекшелігі әкесі Шәмейден үлгі алып, бар ғұмырын келешектің тірегі, иесі болатын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаздық мамандықты таңдауында. Мәселен, әкесі – Тоқбаев Шәмей (Ахметшәми) Кенжебекұлы 1924 жылы көктем айында Талды ауылында дүниеге келіп, 1944 жылы алғашқы ұстаздық қызметін ҚХР-ның Құлжа қаласында бастауыш мектепте дәріс беруден бастаған. Көп ұзамай Қытай Халық Республикалық ұлттық әскері қатарына шақырылады. Әскери қызметте үнемі алдыңғы шепте болып, көрсеткен алғырлығы мен батылдығы үшін арнайы медальмен марапатталған. 1946 жылы елге оралып, Құлжадағы А.Қасыми атындағы орта мектепте мұғалімдіктен басталған қызметі білімділігі мен біліктілігінің арқасында директордың орынбасары, кейіннен сол оқу ордасының бар басшылығын қолына алып директоры лауазымын атқарды.

Уақыт өтті, заман өзгерді Кеңестік қызыл қырғын мен ашаршылық салдарынан арғы бетке өткен қандастарымыздың қасіреті артта қалып, атамекенге оралуға мүмкіндік туды. Сол бір еліміз үшін қайырлы болған 1955-1956 жылдары алдыңғы лекпен Шәмей ағайымыз да Қазақстанға өтеді. Атажұрт көші Қостанай облысының Орджоникидзе ауданындағы Покровка селосына барып бірақ тоқтайды. Орналасып етек-жеңді жиған соң село мектебіне физика және математика пәнінен сабақ береді. Аталмыш 1956 жылдың соңына таман жолға қайта жиналған ағамыз көштің басын туған жерге бұрып, жора-жолдас, ағайын-туыстың ортасына, яғни, Лесновка ауылына қайта оралады. Одан әрі білімін жалғастырып 1960 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогика институтына оқуға түсіп, 1966 жылы химия-биология мамандығы бойынша тәмәмдаумен қатар, ауылдағы орта мектепте 42 жыл қызмет жасап, 1984 жылы құрметті демалысқа шыққан еді.

Шәмей Кенжебекұлы - ұстаз деген ардақты атқа лайықты, бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген, талапшыл, жалғандыққа жаны төзбейтін өте әділетті, мінезді адам болатын. Әкесі Кенжебек ақалақшы да елі үшін істеген ерлігі мен сөзге шешендігінің арқасында

Қытай шегіндегі исі Суанның аты аңызға айналған ардақты азаматтарының бірі болған екен. Ауылдың көнекөз қариялары ол кісінің есімін, жасаған жақсылығын әлі күнге дейін ерекше ілтипатпен еске алып отырады.

Міне, осындай текті әулеттің ұрпағы – Күнболат Шәмейұлы ағамыз да осы ұлағатты үрдісті жалғастыруды мақсат етіп, әке жүрген соқпаққа түсіп, қиындығы мен қызығы мол ұстаздық мамандығын таңдады. Жоғарыда айтып өткеніміздей сол 1956 жылдың 16 ақпанында Қостанайдың Покровка селосында дүние есігін ашқан жас сәби, 1963 жылы мектеп табалдырығын аттап 1-ші сыныпқа қабылданады. Зулап жылдар өтті, онжылдықты жаңа тәмәмдаған бозбала 1974 жылы арман қуып Шығыстағы Семей қаласының Н.К.Крупская атындағы педагогикалық инситуттың сырттай бөліміне оқуға түседі. Сірә, ағамыз бала күнінен халқымыздың «Әкеден ұл туса игі, әке жолын қуса игі» деген ғибратты сөзін көкейге тоқып өскен болуы керек...

Сөйтіп ұрпақ сабақтастығы өз жалғасын тауып, Лесновка орта мектебіне химия пәнінің мұғалімі болып жұмысқа тұрған Күнболат ағамыз да ұстаздық мамандыққа біржола бет бұрады. Көп ұзамай күзде Кеңес әскері қатарына шақырылып, екі жылдық азаматтық борышын абыроймен орындап келген соң білім беру саласындағы өз қызметін одан әрі жалғастырады. Содан бері ондаған жылдар бойы ауылдың өркендеуіне және жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде тынбай еңбек етіп, өлшеусіз үлес қосты. Еңбек елеусіз қалған жоқ, сан мәрте байқауларда жеңімпаз атанып аудандық, облыстық деңгейдегі құрмет грамоталары мен дипломдармен марапатталды. Кейінгі толқын інілерге ісімен, білімділігімен, қамқорлығымен үлгі бола білді.

Өмір заңымен ағамыз отбасын құрды, жеңгеміз екеуі ұрпақ сүйіп, бүгінгі күнде білдей бір әулеттің ел ағасы болып мерейі тасып отырған жан. Бойындағы бар күш-жігерін аямай білім мен тәрбие берген жүздеген шәкірттері еліміздің әр түкпірінде, облыстық, республикалық деңгейде халқына адал қызмет етіп, ел мақтанышына айналғандары қаншама...?!

Мінекей, құрметті оқырман қауым, әке аманатына берік, азаматтық парызына адал, ұрпақ тәрбиесінде ұшан-теңіз үлесі бар, ауылдың құрметіне бөленген қарапайым ғана ұстазы – Күнболат Шәмейұлы ағайымыз бүгінде 40 жылдан астам уақыт еліне, туған жеріне қалтқысыз қызмет етіп зейнеткерлік жасқа толып отыр. Үлкен ерік-жігер мен толайым қабілетті, білімділікті қажет ететін ұстаздық жолдың ауыр сынынан сүрінбей өткен қара нардай, ұлағатты ұстазымыз - Күнболат Шәмейұлы ағамызға қандай құрмет көрсетіп, қанша марапат жасасақ та жарасады.

Қазақтың батыры, жазушы, әскери сарапшы, дарынды қолбасшы - Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген ойлы тұжырымдары осы біздің ұстазымыз - Шәмейұлы Күнболат ағайымызға айтқандай. Өйткені, ұстазымыз бізге берген тәлім-тәрбиесі мен өнегелік өсиеттерінде: «қай салада қызмет жасап, жұмыс істемесеңдер де адамдық пен адалдық деген егіз нәрсені ту етіп ұстаңдар» деп, ең алдымен «адал пейіл мен адам болуға» баулыған құрметті ұстазымыз. Біздің ата-аналарымыздан кейінгі – өзінің ісімен, өзінің сөзімен, білімі және үлгілі өмір ұстанымымен біздерді осы өмірге баулып, тәрбиелеген қадірлі ұстазымыз – бүгінде 63-жасқа келді.

Әрдайым ұлылықтың басында ұстаз тұрған, сол үшін де сөз соңын дана халқымыздың мына бір «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» деген тамаша сөзімен аяқтаймын. Мерейіңіз үстем, жасыңыз ұзақ болсын, көпшіліктің құрметіне бөленген ауылдың ардақтысы, қадірлі ұстазым!

Құрметпен: *Шәкіртіңіз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І.Жансүгіров ат. ЖМУ., «Педагогика және психология» факультетінің деканы. Қ.Т.ЫБЫРАИМЖАНОВ.*

ЕҢБЕК ЕРДІ ӨСІРЕДІ

Қашанда ел мен жердің, ертеңгі болашақтың қамы үшін тер төгіп, бойындағы бар асыл қасиетін сарқа жұмсап жүрген азаматтар арамызда баршылық. Олардың игілікті істері бүгінгі қоғамның алға жылжуы мен ертеңгі болашақтың нұрлана түсуі үшін бағдаршам болып келеді. Сондай жалынды ғалымдарымыздың бірі Қалибек Тұрдығазыұлы Ыбыраимжанов. Өлкесін жеті өзен өрнектеген жазиралы Жаркент жерінде туған оның тұтас болмысында жеті ықылымның білімі мен ғылымын меңгеретін ірліктің болуы табиғи еді. Оның үстіне өскен ортасы, көрген-білгені, ауылдың дария кеуде қарияларынан жиып-терген білім-білігі оның ғылым жолындағы үлкен жетістіктеріне көп көмек берді десек те артық емес. Бала шағынан ауылдың ақжарма тірлігінен - адамгершілікті, батылдықты, байсалдылықты, қажырлылықты бойына жинап өскен ол мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ болашақта елдің жүгін арқалайтын азамат болатынын аңғарта бастады. Сол ізгілік бүгінгі күндері үлкен жетістіктерге ұласты.

Өзі қатарлас жастармен бірге туған ауылындағы орта мектепті 1985 жылы жақсы көрсеткішпен бітірген Қалибек Тұрдығазыұлы арман қуып Алматыға жол алды. Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетіне оқуға түсіп, 1992 жылы «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша «Бастауыш сынып мұғалімі» біліктілігін алып шықты. Сол жылдары, яғни, 1986-1988 жылдары бастапқы екі айда Украина, қалған бір жарым жылда Чехословакия Республикасында әскери борышын абыроймен өтеп қайтты. Көргенді ортада өскен оның ата-анасы да көпшіл жандар еді. Тұрдығазы аға мен Күляйхан анамыз 10 перзентін (*9 ұл, 1 қыз*) үкілеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жандар. Балаларының бәрі де жоғары білім алып қатарынан оза шауып, бүгінде ел өміріне елеулі еңбек етіп жүрген атпал азаматтар. Олар да өз кезегінде өркені өсіп, ұрпақ өсіріп отырған асыл жандар. Осындай көп балалы отбасында өскен Қалибек Тұрдығазыұлы әрдайым аға-әпкелеріне деген бауырмалдықты сезініп, іні-қарындастарына қамқор болып ержетті. Ағамыздың сол кезден бойына сіңген сол адами асыл қасиеттері әлі күнге дұрыс бағыт беріп алға жетелеп келеді.

Оның жеке болмысының қалыптасуына: ата-ананың тәрбиесі мен өмірде жолықтырған әріптес-ұстаздарының да ықпалы көп болды. Мәселен, «... Не істесеңде шын пейіл, ниетіңмен жаса, бірақ, төңірегіндегі адамға, халыққа пайдасы көп болатын болсын, сонда сенің де өз несібеңе орай пайдаң мен абыройың, беделің де болады» деген әке аманаты мен «Елге, жұртқа қызмет жасау үшін ұл немесе қыз бала деп бөлінбейді, тек ата-анасынан алған тәрбиесі мен алған біліміне байланысты болмақ» - деген ана өсиетін де ешқашан жадынан өшірген емес. Өмірлік мектептегі және ғылым жолындағы ұстазы, профессор Р.Қоянбаевтің: «... Қолыңнан келгенше адамға жақсылық жаса, көмектес – қалғаның өзінің тағдырынан көрсін, зияндық жасама. Адамдарды қалай бар, солай қабылдап үйрен және әрқайсысын өзіңнен ақылды деп бағала, аралас, содан кейін қарым-қатынас жасап үйрен» деген ұсынысы мен профессор Т.Сабыровтың: «... Бір жеке адамға айтатын ренішің болса артынан айтпа, өзінің көзінше айт, бірақ, айғайлама, мәдениеттілікті сақта, сонда ол адамның саған деген құрметі артады – бұл сенің абырой мен беделіңнің артқаны болады және сыйластықты сақтап қаласың..» деген ескертпесі, профессор М. Сарыбековтің: «...сенің іс-әрекетің – санаңның, ақылыңның – бейнесі, жазған ғылыми еңбектеріңнің мазмұны – кәсібилілігіңнің, білімділігіңнің және мамандыққа қатысты ғылымдарды меңгергеніңнің көрінісі» деген талабын өзінің әлі күнгі өмірлік ұстанымы етіп жадында ұстап келеді.

Қалибек Тұрдығазыұлы 2002 жылдың қазан айында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы докторлық кеңесте «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығының бағытында профессор Р.Қоянбаевтың жетекшілігімен «Ахмет Байтұрсыновтың бастауыш мектеп жайлы педагогикалық мұралары» атты тақырыптағы диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2007 жылы Түркістан қаласындағы Қ.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің жанындағы докторлық кеңесте «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығы бағытында профессор М.Сарыбековтың кеңесшілігімен «Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иеленді.

Ғылым жолындағы үлкен белестерді бағындырған Қалибек Ыбыраимжанов сан қырлы талант иесі. Алғаш өзінің болашақ ғылымдағы бәсін басым ете түсу үшін бірнеше тілді меңгеруге ден қойды. Қазақ халқының өткен ғасырдың алғашқы жартысында қолданған төте жазуды да терең меңгеріп, ондағы ұлттық құндылықтарды да ұқыптауды есінен бір сәт шығарған жоқ. 2017 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша тренерлері оқыту курсын аяқтады. 2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институнда «Білім берудегі менеджмент» курсын да тәмамдады. Басқасын айтпағанның өзінде, білім жолындағы осыншама әрекеттері оның парасат биігіне жол алған байыпты бағытының бірден – бір дұрыстығын көрсетеді.

Ол ең алғашқы еңбек жолын өзі бітірген қазақтың Абай атындағы беделді жоғары оқу орнынан бастап, 1992 – 2001 жылдар аралығында университеттің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі факультетінің №3 жатақханасының меңгерушісі, бастауыш мектеп педагогикасы кафедрасының оқытушысы, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, факультет деканының күндізгі және сырттай оқу бөлімінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушысы сияқты сан түрлі қызметтер атқарды. 2001-2010 жылдар аралығында А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Философия, педагогика-психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогика-психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика факультетінің деканы, тарих-педагогика факультетінің жалпы педагогика және этнопедагогика кафедрасында доцент міндетін атқарды. 2008 – 2014 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында педагогика факультетінің деканы, институттың 12 жылдық білім беру мәселелері орталығының директоры, бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының профессоры, 2013-2015 жылдары Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының профессоры, университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры болып қызмет етті.

2015 жылдың қазан айынан І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасының профессоры, бүгінде педагогика және психология факультетінің деканы болып өз қызметін жалғастырып келеді.

«Еңбегі бардың өнбегі бар» дегендей, еңбегі еленіп, ел үшін сіңірген үлесі екшеліп, талай рет құрметті атаққа бөленді. Оның бәрін тізіп берудің қажеті жоқ. Десе де, 2009 жылы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атағын және 2011 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен «Ы.Алтынсарин» атындағы төс белгімен марапатталғанын айтпай кетуге болмайды. Ғалымның жеке және авторлық бірлестіктерде орындаған 4 ғылыми туындыға авторлық куәлігі де бар. Айта берсек, ғалымның өз қолынан шыққан ғылыми-әдістемелік еңбектерінің жалпы саны 150-ден астам, соның ішінде, 1 монография, 3 оқу құралы, 4 оқу-әдістемелік және әдістемелік құралдары – Қазақстан ғылымының саласына қосылған үлкен еңбек деп бағалауға әбден болады.

Жуырда Қалибек ағамыздың өмірінде тағы бір елеулі оқиға орын алды: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде ғылымды заманауи бағытта жетілдіру және кәсіби біліктілігі мен білімі бәсекеге қабілетті болатын мамандар дайындау мәселесіне ерекше мән беріп отырған осы университеттің ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Баймырзаев мырзаның ұтымды ұйымдастырушылығының арқасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының «29» желтоқсан 2018 ж. №2058 бұйрығымен /«2» мамыр 2019ж. №432. (30 сәуір 2022ж. дейін)/ 6D010000 – Білім (педагогикалық ғылымдар) (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін тағайындау және бейіні бойынша докторлық диссертацияны қорғайтын арнайы Докторлық кеңесі ашылды. Бұл біздің Жетісу өлкесіндегі І.Жансүгіров атындағы жоғары оқу орнының арғы-бергі тарихында бірінші болып ашылған ерекше ғылыми жаңалық екендігін де атап өткеніміз жөн болар...

Осы PhD - докторлық диссертация қорғайтын кеңестің төрағасы болып І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының муше-корреспонденті Қалибек Тұрдығазыұлы Ыбыраимжанов тағайындалды. Бұл да болса университет басшыларының ғалым ағамызды кәсіби біліктілігі мен білімі жоғары маман ретінде бағалап, оған нардың жүгіндей үлкен сенім артқандығын білдіреді.

Сол үшін де біздер Қалибек Тұрдығазыұлын – өз бойындағы күш – жігер, қажыр – қайраты мен бар білімін, Отан ғылымы мен елінің болашағына арнаған, келешегі кемел, ер тұлғалы, парасатты, қазағымыздың аймандай азаматы деп білеміз. Демек, оның ел үшін еңбек етер тағы бір тынысы ашылды. Сапарыңыз сәтті болсын!...

Қажет АНДАС

МЕНІҢ ҰСТАЗДАРЫМ

Мектеп. Ұстаз. Қасиетті ұғымдар. Сонау ежелгі дүниеден бастау алып, данышпан Абай жазып, ұстаздың бейнесін сомдаған, қазақ ақындарының бір де бірі мадақ жыр жазбай өтпеген ардақты кәсіп – ұстаздық болса керек.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Үйретуден жалықпас,
Ұстаздық еткен балаға.

Әр үйдің бір-бір сұлтаны болған, алдына келіп, бұл кісі не дер екен деп көзі бақырайған бүлдіршінге әліппе үйретіп, қолына қисайтпай қалам ұстатып, бағытын өлшеп, өмір жолына салатын ұстаз еңбегі өлшеусіз. К.Ушинский: «Бала балқытылған алтын, одан қандай мүсін сомдаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сұңғыла сөзі керемет ой тастайды. Ойпырмай, деймін кейде! Өлшеусіз ұстаз еңбегі деп жүрген шағымызда бар өмірін бала тәрбиесіне жұмсаған, мейірі мол, аққөңіл жандардың көңілімізге қондырып, көкейімізге байлаған ұғымы ұмытылмас болар. Білім ұясына бес жыл, он жыл, жиырма жыл, елу жыл деп магнитше тартылып тұратынымыз сол екен ғой. Біздердің Басқұншы ауылындағы И.Крылов атындағы орта мектебін бітіргенімізге елу жыл толып отыр. Білімнің әр саласынан сусындатқан, ғылымға, өнерге, өмірге баулыған ұстаздар қасиетті екен-ау! Биылғы жылы да мектепке жетелеп отырған мектептің қасиеті. Мектеп ауласынан, дәлізінен, сынып кабинеттерінен, ұстаздарымыздың жарқын бейнесін іздейміз, елестетеміз, сағынамыз. Бірақ, бұл өмірдің сүзгісі өз дегенін істейді. Олардың бәрі түгелдей өмірден өтіп кетті.

1969 жылы орта мектепті екі сынып болып, 38 оқушы аяқтаған едік. Басқұншы ауылының балалары А сыныбы болып, Алмалы ауылынан барғандар Б сыныбы болып оқыдық. Алмалы 8 жылдық мектебінің сол кездегі директоры Өмірзақ Ибрагимов шақыртып жатыр деген соң, ауылдың бас жағындағы мектепке (қазір барлығы жеке пәтерге беріліп кетті) барсам, сыныптасым Тойлыбаев Бүркітбек (марқұм) тұр екен. Екеуіміз бірігіп, директордың кабинетіне кірдік. Ағайға амандасқаннан соң: «Сен екеуің мына оқушылардың құжаттарын И.Крылов атындағы орта мектебінің директорына апарып беріңдер. Бұл сол мектептен оқитындардың документтері. Жолда жоғалтып алып жүрмеңдер. Ол кісі мектепте тосып отыр. Тез апарыңдар» - деп, пысықтап, екіге бөліп, буып-байлап қойған, сыртында «Дело» деп жазылған құжаттарды қолымызға беріп, шығарып жіберді. Бүркітбек екеуіміз сегізінші сыныпты аяқтай салып, құжаттарымызды көпдүрмекпен ілесіп Жаркенттегі педагогикалық училищеге тапсырып қойып, аз күннен кейін айнып қалдық. Айналамыздың бәрі қыздар, далада да, көшеде де, дәлізде де қыз-қырқын. Осының бәрін көріп, оқығымыз келмей, құжат өткізген жерден қайта барып, құжаттарымызды сұрап едік, бермей қойды. Амалсыздан емтиханға қатысуға тура келді. Алғашқы емтиханда музыкалық сауаттылығымызды тексеріп, қандай аспапта ойнайтынымызды сұрап, ол сыннан сүрінбей өттік. «Әй, бұлар бізді жібергісі жоқ» деп, қазақ тілінен жазба жұмысты айдақ-сайдақ жазып, енді түспейтін шығармыз деп, ертесі құжат сұрап, қайта бардық. Қорытындысы шықпады деп, қуып шықты. Ақыры, түспей қалып, оқуымызды жалғастырмақ болып, ауылға оралдық. Осыны естіген ағай шақыртып алыпты. «Бұйрық қатты, жан тәтті» дегендей, екеуіміз сары қағазға оралған құжаттарды Басқұншы ауылындағы мектепке әкеліп, орта бойлы, толықтау келген мектеп директоры Иемберген Төкеновтің қолына табыс еттік.

Қыркүйекте сабақ басталып, интернатқа орналасып, алдымыздағы ағалардың соқпағына түстік. Мектеп оқушылық өмірмен қызықты. Алмалы ауылынан барған балалардың саны едәуір көп болатынбыз. А сыныбының оқушылары аздау болғандықтан бес қыз баланы соларға ауыстырды. Тоғызыншы сыныпты 22 оқушымен бастаған біз 19 оқушы болып аяқтадық. А сыныбындағы оқушылар да 19 еді.

Қиындығы мен қызығы мол жастық шақ небір көңілді кештер мен жарыстарға, әртүрлі үйірмелер мен қосымша сабақтарға қатысумен өтті. Ауылда туып, ауылда өскен соң, оның шаруашылық жұмыстарынан да тыс қала алмайсың. Сондай бір кездер 60-90 жылдары бүкіл мектеп оқушыларының басынан өтті. Колхоздың егіс даласына барып, жүгері отау, шөп шабуға қатысу, шөмеле салу, картоп, сәбіз, жүгері жинау осының бәрі кезек-кезегімен өтіп жататын. Біздің өңірде алма жинау науқаны жаз кезінен басталатын. Ауыл маңындағы колхоздың алма бақтарында өсірілетін алманың небір түрлері, нарттай болып қызарған, тәтті дәмі тіл үйіретін, үлкендігі шәйнектей апорттар көздің жауын алатын. Кешкілік ауыл балаларының алма баққа жорығымен ұласып, ол алма бақтың күзетшісінің айқайымен, топырлай қашуымен аяқталатын. Сондай қызықты дәурендерді тоғызыншы, оныншы сыныптарда бастан өткердік. Күзде қыркүйектің он бестерінде «Алқапта бір де бір дән қалмасын!» деген ұранмен басталатын жүгері жинау науқаны біздер үшін жетінші қазан тойынан кейін бірақ аяқталып, қалып қалған тақырыптарды жеделдете оқып, жіберіп алған білімді қайтаруға ұмтылатынбыз. Тарих сабағынан беретін мектеп директоры Иемберген Төкенов сабағына мұқият дайындықпен келетін. Ылғи карта алдыртып, сонымен байланыстыра оқытатын. Жастайынан жетімдер үйінде өсіп-тәрбиеленген, өмірдің қиыншылықтарын көп көрген Иемберген Төкенов өте бауырмал жан еді. Айқайлап дауыс көтеріп, сөйлемейтін. Ақырын ғана алыстан тартып, өз өмірінен мысалдар келтіріп, әңгіме айтатын. Интернатта жататын біздерге жиі-жиі бас сұғып, жағдайымызды сұрап кетіп отыратын. Бірде біздің бөлмелеріміздің қыстың күні жылымайтындығын, жауапты адамның көмірді шамадан тыс аз беретіндігін естіп, басшылықтың шақ-шәлекейін шығарғаны есімізде. Енді бірде асханадағы тамақтың мөлшерден аз берілетіні де сөз болғанын, жауапты адамдардың жазаланғанын да естідік. Мұның бәрі ата-анасынан жырақта жүрген балалардың күнделікті қамын ойлап, қамқорлық жүрегін жайғандығы емес пе. Мектептің шәкірттерінің әрбір жетістігіне балаша қуанып жүретін, мектепті өз отбасындай санайтындығы мына мысалдан да көрінеді. 1968 жылдың көктемі болуы керек. Оқушылардың аудандық көркемөнерпаздар байқауында мектебіміз тұңғыш рет бірінші орынға ие болды. Мұғалімдер бар ынталарын салып, оқушылар оркестрін, бишілер тобын, әншілерді байқауға жанын сала дайындады. Мектеп оқушыларының оркестрін дайындаған Алматыдағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін бітірген суретші әрі өнерпаз мандолин аспабында шебер ойнайтын және сахна декорациясын жасаған жаңадан келген жас маман Атамбаев Әбілғазы еді. Сол жылдардағы жетістіктерімізді, өткен күндерімізді еске алып отырғанда «Әлі ұмытпаймын, мектебіміз бірінші орын алыпты деп естігенде мектеп директоры Иемберген ағайымыз ауруханада жатқан киімімен келіп, бізбен бірге жас баладай мәре-сәре болып, қуанып жүрді» деп, өзі де толқи есіне алады. Әбекең ұзақ жылдар тапжылмай ұжымда еңбек етіп, оқушыларға сурет өнерінің қыр-сырын таныстырып, зейнетке шықты. Балалары да өмірде өз орнын тапқан жандар. Кейде әзілдеп «Могиканның соңғы тұяғы» деп қоямын.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Сайдахмет Әділбеков, Әбен Дәуренбеков оқу сабағын ежелгі дәуірден бастап, қызықтыра отырып, заманның заңғар жазушысы – Мұхтар Әуезовпен аяқтайтын. Сайдахмет Әділбеков пен Әбен Дәуренбековтер әдебиеттің, поэзияның хас шеберлері еді. Олар әр ақын-жазушылардың шығармаларын, олардың өмірлерінің әрбір қызықты тұстарын айтып, ұмытылмас сәттерді шегелеп, миыңызға құйып, санаңызға сіңіріп жіберетін. Айтулы шығармалардан монологтар, диалогтар айтқызып, үзінділерді қайталатып отыратын. Осыдан елу бір жыл бұрын жаттатқан «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың ағасы Тәкежанның үйінде отырғанда, оның баласы Әзімбаймен жақсылық туралы, жамандық жайлы сөз қағысы әлі жадымда. «Тарт, Әзімбай арсыз тіліңді! Әкеңнің аузы бармаған жамандыққа сен басып отырмысың. Жақсылық құрымасын...» деп, басталатын үзіндіні айтқызуының өзі адам бойында жақсылыққа деген құштарлықты ашу, сол жақсылық адам өмірінің бағдаршамы болып қалса екен деген ойы ғой. Бала күнімдегі жыршы қариялар мен әңгімешіл үлкендердің қасында өнегелі үлгі сөздерін естіп, қажеттісін ойға түйіп, өсе келе білімді ұстаздардан сабақ алған соң, еріксіз мен де тарих өлкесіне бет бұрдым. Он жылдықты бітірерде қазақ тілі мен әдебиетінен шығарманы (қазіргі спор тзалда) екі сынып бірге жаздық-ау деймін. Мен «Гүлденген Қазақстан» деген еркін тақырыпқа жаздым.

Физика пәнінің мұғалімі Әлімжан Бегімбеков ағай өзінің оқушыларға қоятын талапшылдығымен ерекшеленетін. Көрнекіліктерін лабораториядан көтертіп әкеліп, іліп қойып, сұраққа алатын. Айтса да, мектеп қабырға газетін шығарушы едік. «Жас қалам» деген атпен шығатын қабырға газетіне өлеңдеріміз, әңгіме, әзілдер жазатынбыз. Жетекшіміз кейіннен Қазақстанға белгілі ақын, көптеген өлең жинақтарының авторы, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі – Әбен Дәуренбеков болатын. Мектептегі қабырға газетінің редакция алқасында мен, Гүлнар Оразбаева және тағы бір газет безендірушісі болды. Осы «Жас қаламда» жарияланған өлеңдерімізді Әбен ағай жинақтап, өңдеп, аудандық «Жаңалық жаршысы» газетінің бір бетіне жариялады. «Сәт сапар!» деп айдар қойып, жарияланған өлеңдерімізге ауылдастарымыз, оқушылар мен мұғалімдеріміз жақсы тілек айтты. Сол кездегі газет бетінде менің, Гүлнардың, Күләштің т.б. оқушылардың өлеңдері жарияланды. Бір, екі күннен кейін интернаттағы өз бөлмемде отырғанда, бір топ ағайларым кіріп келді. Алдында Әлімжан ағай, қолында «Жаңалық жаршысы». «Әй, сен ақын екенсің ғой, бәсе мінезің неге асаулау деп жүрсем» деп, қатты сөйлей кірді. Одан кейін математика пәнінің мұғалімі, айтыскер ақын Асылақын аға, оның соңын ала класс жетекшіміз математика пәнінің мұғалімі Әбіш аға көрінді. Бәрі келіп құттықтап, қолымды алып, арқамнан қағып, ризашылықтарын білдірді. Қатты толқып, көзіме келген жасты әрең кері қайырдым. Әлімжан ағай газетті ашып жіберіп, асықпай бәріміздің өлеңдерімізді түгелдей оқыды. Қалиев Асылақын аға домбырасын көтере келіпті. Өлең айтқаны есімде. Ағай ол кездерде Жетісудың атақты ақындарының арасында, шоқтығы биік айтыс ақындарының бір еді. Халық ауыз әдебиетінің шежірешісі, «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» жырларын жатқа орындайтын, жадысы жалғанда мықты жыршы болатын. 1972 жылы Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық тойында өзіндей сөзімен құс ілетін Әбікен Сарыбаевпен айтысқа түсіп, екінші орын алған. Жетісудың тағы бір атақты жүйрігі Мұқаш Байбатыровпен де айтысқа түсіп жүрген айтулы айтыскер ақын болатын. Өзі Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының математика факультетін бітірген. Асылақын ағамыздың мықты айтыскер ақын екендігін Кеген ауданында істеп жүргенімде айтыстарда жолығып жүрген ақын, Нарынқолдық Еркін Ібітанов та айтып жүретін. Мықтылар бірін-бірі мойындайтындығы рас. Мен де Басқұншыдағы ауылдық сахнада ағаның біраз әндерін орындайтын едім. Соның бірі «Октябрьде» деген әнінің атауы есімде қалыпты. Бірде әңгімелесіп отырып, менің Жалаңаш жақта оқығанымды естіп, «Әй, мен Ұзынбұлақ деген жер бар екен ғой. Сол жердің ақынымен айтысып отырып, сөзден ұсталып, жеңіліп қалғаным. Мені құртқан мына Жаркенттің шемішке мен жиде сатқандары ғой» - деп, аңқылдап отырып айтып берді. «Дегенде Ұзынбұлақ, Ұзынбұлақ, Сулары ағады екен құздан құлап» - дей бергенім сол еді, әлгі ақыным іліп әкетіп «Мақтаған Жаркентің осы ма еді, қаптаған саудагер мен қызылқұлақ» деп, келемеждей жөнелді. Сөйтіп, сөзден ұтылып қалдым». Қазіргідей қызылқұлақтың қайнап жатқан заманы емес, кеңестік дәуірде базаршылық әбес дүние саналатын. Әбіш аға да, бәрімізді мақтап, қуанып отырды. Бұрынғы әскери адам болған ұшқыштар мектебін бітіріп, қызмет етіп, капитан атағын алып, бірақ та ауылда қалған әке-шешесінің жағдайымен елге оралып, мұғалімдік қызметке кіріскен ағайымыз шын мәніндегі математиканың хас маманы еді. Біздің сынып жетекшіміз болған Әбіш Әубәкіров көпшілігімізді ақырын сөйлеп жанына жақын тартып жүріп-ақ тәрбиелеп алды. Ағайымызбен мен, Гүлнар Оразбаева, Жұмагүл Мұраталиева (марқұм) тоқсаныншы жылдары ол кісі зейнетке шыққанша қызметтес болдық. Жұбайы Қайшан тәтеміз де ағаның барлық еркелігін көтеріп, әрі өзінің мектептегі жұмысын да абыроймен атқарып, зейнетте бала-шағасының қамқорлы алақанында отыр.

Сол кездегі осындай есте қаларлық дүниелерді ойласам, санамда аяулы ұстаздардың көрікті де көркем бейнелері киноэкрандардағыдай жылжиды. География, кейде химия пәндерінен де беріп жүретін Шөптібай Каримов ағай кей шақтарда тарихтан да сабақ жүргізетін. Сәл қозғалақтасаң, сөйлесең, бетің бар жүзің бар демей отты тілімен шағып алатын. Әсіресе, қыз балалар қатты қорқатын. Білгені де, түйгені де көп ағалар еді.

Сергей Каримов ағайымыз да орыс тілінің қыр-сырын үйретіп кетті. Аудандық партия комитетінде хатшы, Кеңес өкіметі тараған соң аудандық білім бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. Ұстаздық, ағалық қамқорлығы шығар, 1995 жылы туған ауылыма оралып, жұмыс сұрап алдына барғанымда құшағын жайып, қарсы алып, «Сені Басқұншыға жіберем, екі-үш жылдан кейін Жұмажан (Исинді айтады) зейнетке шығады, сен сол өзің бітірген мектепке директор боласың» деп, ұлым Сәкенді де жұмысқа қабылдап, бұйрық беріп жіберді. Бұл ұстазымның қамқорлығы, шәкіртіне үлкен сенім білдіргендігінің үлгісі емес пе. Мен ғана емес, алдына барған талай жанның өмірлік жолын анықтап, риза етіп қайтарғандығының куәсі де болып жүрмін. Аудандық білім бөлімін басқарған жылдардағы Сергей Шөптібайұлының ел үшін атқарған қызметін, өзі тәрбиелеп, мектептерге директор етіп жіберген шәкірттері былай деп еске алады. Сергей ағамыздың қарамағында жұмыс істеп, мектеп директоры қызметін атқарған қазіргі күндері Панфилов аудандық білім және ғылым қызметкерлері, кәсіподақ комитетінің төрағасы Мақытбек Әділұлы «Сергей Шөптібайұлы, білім саласының білгірі, әрі талапшыл жан еді. Жұмысын күні бұрын жоспарлап қоятын. Өзі өтірік сөйлемейтін, өтірік айтқан адамды аямайтын» деп еске түсіреді. Садыр орта мектебінің директоры Рахметолла Қорғасбеков, Жаркент қаласындағы Еңбекші орта мектебінің директоры Ғалымжан Қалиұлы ағаларының адамгершілігін, парасаттылығын, елге сіңірген еңбегін үлкен ризашылықпен еске алады.

Математика пәнінің мұғалімі Қасымқан Қармысов та өткен-кеткен аңыз әңгімелерді көп білетін. Бірақ, ашылып айта қоймайтын жан еді. 1916 жылғы оқиғаларды, Мұқа болыс, Кезеңқара батыр туралы әңгімелерді жайлап отырып, баяндап беретін. Оқушыларының көкірегінде жарқын із қалдырған жандардың бірі.

Оныншы А сыныбында класс жетекші болып істеген химия пәнінің мұғалімі Бақыт Бексұлтанова апайымыз да білімді ұстаздарымыздың бірі болды. Күндізгі оқу бөлімін бітірген мұғалімдердің сабақ беру әдісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері үлкен ғалымдардан өнеге алғандығы, аудитория көргендігі біліпіп тұрады. Сабақ беру әдісі жақсы болатын. Бақыт апаймен Кеген аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүргенімде кездестім. Панфилов ауданындағы Лесновка ауылының қызы Зора Шатырбекова әпкеміз Кеген аудандық тұтынушылар кооперациясында сауда бөлімін басқаратын. Бір күні жұмыста отырғанымда телефон соғып, «Сен бүгін үйде бол, мен сені жақсы танитын бір адамды ертіп апарамын» деп, жұмбақтай сөйлеп, күліп қойды. Айтқандай-ақ, кешкі мезгілде қонағын алдыға салып, соңынан жымия күліп, өзі кірді. Амандасып, есендесіп, түннің бір уағына дейін кезектесіп естелік айтысып отырдық. Зора әпкеміз бен Бақыт апайымыз Жаркент қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте бірге оқыған екен. Құрбысын іздеп келіпті. Зора әпкеміз әңгіме арасында Молот деген ініміз, осында қызметте деген екен, Молот менің шәкіртім деп көруге асығыпты. Әпкеміздің үйінде біраз күн жатып, біз де бірге жүріп, әңгімелесіп көңіліміз көтеріліп қалды. Бақыт апайдың жетекшілігін көрген оқушылары Қыдырқожа, Гүлнар, Галя бәрі әлі күнге дейін, апайымыз деп ауыздарынан тастамай айтып жүреді. Жандары аяулы ұстаздарымыз ғой.

Химия пәнінен ара-тұра Тыныс Тыныбаев ағай жүргізетін. Ешкімге дауыс көтермей, сабақты салғырт тыңдаған кейбір оқушыларды елемей, тақтаға химиядан есептерді, формулаларды жазып жататын. Ағайымыздың қызықты мынандай бір әңгімесі есімде қалыпты. «Бір институттың химия факультетінің студенттері ауылшаруашылығының жұмыстарына барған екен, науқандық жиын-терінді аяқтап, аудиторияға оралған соң, еңбекақыларын талап етіпті. Біраз уақыттан кейін кураторынан сұраса, оны факультеттің деканы біледі деп, шығып кетіпті. Келесі бір сабақ деканның лекциясы екен. Студенттердің бірі жүрегі дауалап, сұрақ қойған ғой. «Жарайды, лекция соңынан айтайын» деп, жауап беріпті де, үзіліске шығарда тақтаға мына формуланы жазып кетіпті: $C_{10}H_{22}$ + C_3H_6. Студенттер әрі-бері ойланып отырып, біраздан соң ойы жүйріктеу біреуі «Болды енді, ақша сұрамаңдар. Ақшаны «Декан пропил» деп, формуласын жазып кетті ғой» депті. Сабақ барысында өмірлік қызықтарды айта отырып, оқуға деген қызығушылығыңды оятатын ұстаздар көп болды.

Сол жылдарда мектепке келіп жұмыс істеген Жұмажан Исинде айтулы ұстаздардың бірі болды. 1971-1973 жылдары Алмалы және Басқұншы ауылындағы жастар комитетінің төрағасы деген қоғамдық жұмысты белсене атқарды. Менде осы кісінің орынбасары ретінде ауыл жастарын ұйымдастырып концерттер, спектакельдер қойып малшыларға да қызмет көрсетіп тұратынбыз. 1995 жылдардан Жұмажанның қармағында мұғалім болып істедім. Ол жылдар сыйластықпен бірімізді - біріміз түсіністікпен ұстаздық еткен кезеңдеріміз еді. Мен жоғарыдағы жазғанымдай ұстазым Сергей Каримовтың дегеніндей болды. 1999 жылы И.Крылов атындағы орта мектепке директор етіп бекітілдім. Он шақты күннен кейін жоғары органдардың бұйрығымен Алмалы орта мектебін көп жыл басқарған Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері айтулы ұстаз мектеп ісінің шебер ұйымдастырушысы Тұрғанбай Күсебаевпен екеуіміздің орынымызды ауыстырды. Басшылық барып-келуді біршама жеңілдетуді ұйғарған болу керек. Сонымен қатар бұл мектепте қазақ тілі мен әдебиетінің білгірлері талай оқушыларды тәрбиелеп жетекшілік жасап қияға ұшырған Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Самықжанова Қапиза, Майшубаева Ортай (марқұм) сияқты жандар жұмыс істеп, білімін ақыл ойын, іс тәжірибесін жас ұрпаққа жұмсады. Өзгелерге өз өмір тәжірибесін қалдырған. Күсебаев Тұрғанбайдың ісін жас болсада жігерлі басшы Гүлнар Сүлейменқызы жалғастырып шәкірттерін білім жолына салуда.

Мынау мұғалімдер туралы естелік жазған кезімде 1967-1971 жылы жазған күнделігіме сүйеніп отырғаным үлкен көмек болды. Сегізінші сыныптан бастап әскерге барған бірінші жылға дейін жазыптым. Жандары жарқын, әрдайым алдында отырған шәкіртінің болашақта үлкен азамат болғандығын қалайтын ұстаздардан білім алып шыққан оқушылар да өмірдің сан-салалы жолдарына түсті. Асыр салып ойнаған, сыбырласып сыр айтысқан сыныптастардың біразы өмірден озды. Олар: Сатыбалды Аққұлақова, Рыскелді Оразбаева, Смағұл Сыдықбеков, Қалимолда Үйсінтаев, Әмір Әленов, Қасен Дәркенбеков, Ажарқан Дәркенбекова, Жұмагүл Мұраталиева, Мұратжан Қазақбаев, Роза Қазабаева, Қапен Ниязбаев, Бүркітбек Тойлыбаев, Зейнехан Рысбекова. Жандары жаннатта болсын!

Мектеп бітіргеніміздің елу жылдығы қарсаңында өтпелі өмірдің өткелінен аман-есен өтіп келе жатқан сыныптастар бас қосып, дүбірлі дүниеге есік ашып, біліммен сусындатқан мектепке кездесуге бардық. Сабақ оқыған сыныптарымызға кіріп, партаға отырып, ұстаздарымызды, бастан өткен-кеткен оқиғаларды еске алып, суретке түстік. Жиналған жұртшылықпен биылғы мектеп бітіруші түлектерді құттықтап, ақ жол тілеп, естелік сыйлықтарымызды табыстап, болашақта алпыс жылдықта да келіп құттықтауға ниет білдірдік. Мектепке деген бойымыздағы ыстық ықыласымызды білдіруге келген біздердің өзіміз мектеп бітіру қоңырауынан кейін кім, қандай мамандық алды, кім, қай салада еңбек етті, қандай жағдайда екендігін біле бермейді екенбіз.

Сыныптағы көптеген қыз балалар сол кездегі ең қажетті мамандықтың бірі болған байланыс және сауда саласын таңдады. Қаспақова Ережепхан Алматы қаласындағы байланыс училищесін ойдағыдай аяқтап, аудандағы пошта бөлімшелерінде жұмыс атқарды.

(Жалғасы 8-бетте)

МЕНІҢ ҰСТАЗДАРЫМ

(Басы 7-бетте)

Нәтижелі еңбегін жоғары бағалаған басшылық 1977 жылы 3-қаңтарда Алмалы ауылындағы тұңғыш ашылған поштаға меңгеруші етіп тағайындады. Құрметті еңбек зейнетіне шыққанша елге қызмет көрсете жүріп, екі ұл тәрбиелеген, немерелері бар бақытты ана.

Енді бір сыныптасымыз Жадыраева Галя болса он жылдықты бітіре салысымен Жаркент қаласындағы радистер дайындайтын курс тыңдаушысы болып қабылданып, Морзе әліппесінің нағыз маманы ретінде Панфилов әскери отрядында ұзақ жылдар еңбек етті. Күйеуі Кәрім екеуі бір ұл, екі қызды дүниеге әкеліп, қазір немелерінің қызығын көруде.

Нағыз адал еңбек, маңдай терімен еліне ерінбей қызмет ете жүріп, бес баланы тауып, өсіріп, жеткізіп бақытқа кенеліп отырған Батырқұлова Мәрия ұзақ жыл, нақты айтсақ, жиырма жылдай газет-журнал, хаттар, зілдей сәлемдемелер салынған дорбасын арқалап, бүкіл ауыл адамының аты-жөнін білетін Мәрияны энциклопедия дегің келеді. Әкесі Қожан ағамыз Ұлы Отан соғысының ардагері, қанды соғыста ауыр тягачпен гаубицаны (үлкен калибрлі зеңбірек) сүйреп жүріп, қалың оқ пен жауындай жауған снарядтан аман оралған нағыз ер. Қожан аға менің үлкен бауырым «Халық жауы» деп ұсталып кеткен Солтанаев Ауаш ағамызбен түйдей құрдас екен. Аузынан тастамай айтып отыратын.

Өзінің сыныптастары сияқты еңбек жолын Басқұншыдағы балабақшадан бастаған Сыдықбекова Жанат та ұзақ жылдар ауыл адамдарының алаңсыз жұмыс жасауына жағдай жасаған жандардың бірі. Қуанышы мен қиындығы мол өмір жолын басынан өткере жүріп, бір ұл мен бір қызды дүниеге әкеліп, оларға бақытты кезең сыйлаған сыныптасымыз.

Жетпісінші жылдары Кеңес өкіметі кезінде жұмыссыздық мәселесі деген мүлдем болмайтын. Халық шаруашылығының барлық саласында кәсіби мамандардың қажеттілігі туындайтын. Біздің сыныптастарымыздың арасында жұмысшы мамандығын таңдаған Зәмихан Асылбекова болды. Алматыдағы кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, кілем тоқу фабрикасына жұмысқа тұрған ол аз уақытта өз мамандығын игеріп алды. Біраз жылдардан кейін ауылдағы ата-аналарының жағдайымен туған жеріне оралуына тура келді. Ол кездің адамдарына жұмыс істемеу деген намысқа тиетін еді. Сондықтан да, колхоздың әр жұмыс саласында абыроймен еңбек ете жүріп, зейнетке шықты. Үш ұлының ортасында, туған-туыстарының арасында қадірлі жандардың бірі.

Талдықорған қаласындағы сауда техникумының сауда бөлімін бітірген Жаңылхан Мұхаммедінқызы отыз жылдан астам уақыт дүкенші болып істеді. Тұтыну кооперациясының басшылығы тарапынан халыққа үлгілі қызметі үшін талай-талай мақтаулар мен мадақтаулардың иесі болды. Жұбайы Тілепалды екеуі үш баласына лайықты мамандықтар алып берді. Олар ағарту, медицина, кәсіпкерлік салада айтуға тұрарлықтай жақсы еңбек етіп жүр. Ұзақ жылғы бейнетінің зейнетін көріп отыр.

Өзі оқу бітірген мектебінің қабырғасына Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың математика факультетін бітірген Гүлнар Оразбаева 1973 жылы оралды. Бір мектепте өзіне сабақ берген ұстаздармен қызметтес болу, олардың аузынан біздің шәкіртіміз деген жылы сөз есту, адам жанын елжірете отырып, құлшына еңбек етуге жетелейтіні сөзсіз. Табаны күректей қырық жыл еңбек етіп, арасында төрт баласын оқытып, бәріне жоғарғы білім алғызуы да Гүлнардың ардақты ана, аяулы ұстаз екенін көрсетеді. Осы жылдар ішінде Республикалық, облыстық, аудандық білім бөлімі тарапынан да, халықтан да сансыз алғыс алып, ризашылыққа кенелді.

Біздің кезімізде дейміз бе, кеңестік кездер дейміз бе, ер жігіттердің әскерге алынбауы, не бармай қалуы өте намысқа тиетін ұят нәрсе болып саналатын еді. Сондықтан да кейбір азаматтар, мен шақырылмай қалдым деп әскери комиссариатқа барып, өздері әскерге сұранып кетіп жататын. Қыдырқожа Кененбаев та он жылдықты бітіріп, аз уақыт колхозда жұмыс істеп жүріп, жетпісінші жылы әскер қатарына шақырылып, Қиыр Шығыстан, онда да Камчаткадан бірақ шықты. Қысы қатал Тынық мұхиты жағалауында алты айлық сержанттар дайындайтын курсты бітіріп, взвод командирінің орынбасары болып, әскерден қайтты. Кененбаевты да Крылов атындағы орта мектебі маман ретінде жұмысқа қабылдады. Өзін оқытқан ұстаздарымен әрі шәкірттермен жұмыс жүргізудің өзі бір ғанибет екенін сезінген Қыдырқожа Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының математика факультетін бітіріп алды. Әйтсе де, тәуелсіздік алған еліміз нарықтық экономикаға көшкен соң, өзінің қарым-қабілетін жеке шаруа қожалығын құрып, соны дамытуға жұмсағанды дұрыс деп тапты. Ауылда жер игеру, алма бағын өсіру, мал шаруашылығын дамыту күнделікті іске айналды. 2016 жылдан бері жұбайы Гүлнар екеуі Басқұншы ауылынан «Алтын сақа» балабақшасын ашып, жас бүлдіршіндерді мектепке дайындаумен айналысып келеді. Үш баласы да өздері таңдаған мамандықтарын алып, заңгерлік, әскери салада лайықты еңбек атқаруда.

Сыныптастарымның бәрінің де өмір жолдарына тоқталып, толықтырып жазғым келгеніммен, қағаз беті көтергенімен, газет беті көтере алмас. Осы жолдарды жаза отырып, мен де адамдарға тән арманшыл балалық кезімді аңсадым. Журналист болғым келді. Оқу бітірген жылы КазГУ-дің журналистика факультетіне құжат тапсырып, ағылшын тілінен болған емтиханнан өтпей қалдым. Жігіттер қатарлы әскерге бардым. Алты жылдай колхозда жұмыс істеп, ұстада балғашы болып, трактор жүргізіп, колхоз басқармасының жолдамасымен Қазақтың Мемлекеттік С.М.Киров атындағы университетінің Тарих факультетіне түсіп, бітірдім. Қызметте болдық. Кеген ауылындағы орыс орта мектебінің директоры, Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Аудандық білім бөлімінің әдіскері болып жұмыс істедім. Өткен ғасырдың тоқсан бесінші жылдары туған ауылыма оралып, Басқұншы ауылындағы И.Крылов атындағы орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, ал 1999 жылдың тамыз айынан 2017 жылдың қыркүйегіне дейін Алмалыдағы (Алмалы орта мектебі) Елтінді батыр атындағы орта мектептің директоры қызметін атқардым. Екі рет Панфилов аудандық мәслихатының депутаты болып сайландым. Екі өлеңдер жинағым «Ауылым баурайында Бестөбенің», «Жүрегім құрақ жапырақ» және «Тау ұлы», «Алғашқылар» атты естелік кітаптар шығардым. 2013 жылдан зейнеттемін. 2018 жылдың қазан айынан «Жаркент айнасы» қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газетінің Бас редакторымын. Еңбегіміз еленіп 1995 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» атанып, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталдым. Педагогикалық еңбектерім ескеріліп, «Алаш ұстазы», «Парасатты педагог» төсбелгілерінің иегерімін. Ұзақ жылғы баспасөз беттеріндегі жарияланған мақалаларым, әңгімелерім т.б. еңбектерім бағаланып, Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылдандым. Жастығымыздың тарихы – мектебіміздің тарихы. Мектеп – алтын ұя деп бекер айтылмаған ғой. Адам өз отбасын қалай сағынса, жүрегі жылу шашып тұрған жандар мектепті де солай сағынуға тиіс сияқты. Себебі, ол мектепте ең құдіретті адамдар – ұстаздар бар. Олар ақындар айтпақшы «Ұстазым – ақылшы, дос...!».

«Жаркент айнасы» газетінің
Бас редакторы
Молот Мұсаұлы СОЛТАНАЕВ

ЖАЗЫЛЫМ-2019
Құрметті оқырман!
Газетімізге алдағы 6 айлыққа жазылу басталды. Осы сәуір, мамыр, маусым айларында «Жаркент айнасы» газетіне 6 айға жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексіміз – 65161. 6 айға жазылу бағасы – 1232 теңге.

ӨМІРІ ӨНЕРІМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН

Адам өмірі бұралаңы мен бұлтарысы көп ұзақ жол сияқты. Және сол ұзақ жол сан-салалы. Соның қай саласына түсеріңді бір Алла ғана біледі емес пе?

Ахмадиева Сәуле Құрмашқызының өмір жолы да басқалардан өзгешелеу емес. Ол Алматы облысының Сарқан ауданына қарасты Аман-бөктер ауылында дүниеге келді. Сол ауылдың мектебінде оқып, алғаш білім алды. 1974 жылы Сарқант қаласындағы «Абай» атындағы орта мектепті бітірді. Сол өзі оқыған мектебінде еңбек жолын аға пионер вожатый болудан бастады. Мектептегі әртүрлі мәдени үйірмелерге қатысып, өзінің еңбекқорлығын көрсете білді. Жасынан пысық, талантты қыз аудандағы би, драмалық және домбыра үйірмелеріне қатынасып өз білімін шыңдай түсті. 1975 жылы Алматы облысының Панфилов ауданындағы Мәдениет үйіне ауысып, әдіскер болып жұмыс істеді. Алғаш көркемдік жетекшіліктен директорлыққа дейін көтерілді. Ауданда «Жаркент әуендері» ән-би ансамблін құрды. 1985 жылы Кішішыған орта мектебінің директоры, білім беру ісінің үздік қызметкері, жергілікті ақын Тоқбай Исабеков құрған «Шыған шырақтары» әдебиет және өнер бірлестігін құрысуға Шәріпхан қажы екеуі мұрындық болғаны әлі есімде.

1986 жылы «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхоздың төрағасы екі дүркін Еңбек Ері атағына ие болған Н.Н. Головацкийдің шақыруымен орталықтандырылған клуб жүйесінің директорының орынбасары қызметіне ауысып, «Гүлдәурен» фольклорлық қазақ ансамблін құрып, ол ансамбль Халықтық атағын қорғап шықты. Сәуле құрған бұл ансамбль Индияда өткен Халықаралық фестивальге қатысып, өз өнерлерін паш етіп қайтты. 1988 жылы Мұқан Төлебаев атындағы композиторлар байқауында ақын Исламғали Үркімбайұлының «Келешегім» атты өлеңіне жазылған әні Бас жүлдені жеңіп алды.

Сәуле Құрмашқызы – Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Бүкіл одақтық, республикалық фестивальдардың лауреаты, 1-ші Республикалық Әсет Бейсеуов атындағы байқаудың жүлдегері.

Сәуле қай жұмыс болмасын бас тартқан емес. 1995 жылы Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық институтын мәдени ұйымдастырушы мамандығы бойынша бітіріп шыққан соң, 4 жылдай Бикен Римова атындағы Талдықорған облыстық драма театрында директордың орынбасары, ал, 1997 жылдан 1999 жылға дейін Алматыдағы М. Әуезов атындағы Мемлекеттік қазақ драма театрына бас администраторы болып ауысты. Бұдан кейін Алматы облыстық халық шығармашылығы орталығында ғылыми қызметкер бола жүріп, оның директорлығына дейін көтерілді.

Таланты мен талабын ұштай білген Сәуле өндірістен қол үзбей жүріп, Талдықорған қаласындағы академик Ө.Жолдасбеков атындағы иниституттың «Заңгер» мамандығы бойынша оқып, бітіріп шықты. Ол көптеген «Жетісу жұлдызы», «Жетісу аруы», «Мұқағали мәңгілік ғұмыр», «Жетісудың Тұмар ханшайымы» сияқты жаңа жобаларды іске асырды. Көптеген халықтық ұжымдар құрды. Облыстық ақындар, жыршы-термешілер мен әуесқой композиторлар ұйымын құрып, олар әртүрлі халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүрді. Осы еңбектерін бағалаған Мәдениет министрлігі Алматыдан ашқан «Мәдениет қызметкерлерінің білімін жетілдіру иниститутына» басшы етіп тағайындады. Мәдениет министрлігі жанындағы қазақ мәдениет ғылыми зерттеу иниститутының директорының орынбасары қызметін қоса атқарды. 2010 жылдан бастап Алматы қаласындағы жүйке ауруы бар балалардың мектеп-интернатында директордың орынбасары, соңынан «Әлеуметтік тұрғын үй» мекемесі мен «Ардагерлер үйіне» директор болып жұмыс істеді. Сәуленің осындай ел игілігі үшін істеген қыруар істері елеусіз қалмады. Ол көптеген «Мақтау» қағаздары мен «Құрмет» грамоталарының, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекелік медалі және 2000 жылдан ҚР Мәдениет Қайраткері төс белгісімен марапатталған. Сәуле Құрмашқызы қазір «Жаркент жауһарлары» аудандық Халық шығармашылығы орталығының тәлімгері, орынбасары ретінде тыңғылықты жұмыс атқарып келеді.

Сүлеймен КЕРІМБЕКОВ,
«Жаркент жауһарлары» халық шығармашылығы орталығының мүшесі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ИЕСІ СӘУЛЕ ҚЫЗҒА!

Өнерге таласы мол талаптының,
Қағатын биіктерге қанат мығым.
Жанына жалау берген Сәуле қыздың,
Бойында сол құдірет, талантты ұғым.

Жасынан жанын билеп сезім сыры,
Жүрекке сәуле құйған «сегіз қырлы»
Тылсым күш тығырықтан шығарарда,
Жосылған әуезді саз, жазар жыры.

Көркіне көңілі сай күлкі үйірілген,
Әзілі аударғандай жүкті үйілген.
Кішіге ұстаз, үлкеннің шәкіртіндей,
Қашанда көретінің, жанды иілген.

Жарқын бейнең сахна саңлағындай,
Өнерден игілікті іс алғанындай.
Жанының нұры кетпей жарқырауы,
Жаратқан жаратылыс талғамын-ай!

Ашылған Жаркентте бар тынысы,
Кетпейтін талбойынан Суан иісі.
Сәуле қыз мәдениет Қайраткері,
Ақталған еңбегінің қайырымды ісі.

Базархан ЖАҚЫБАЕВ

ӘЛІ ЕСІМДЕ...

Жақсылар көп-ау, жақсылық үшін күрескен,
Өмір бойы жаманшылықпен тірескен.
Өзі жылап, өзгені бірақ жұбатып,
Көңіл бағына рахымшылықтың гүлі өскен.

Рухы көркем – қылқалам сызған мүсіндей,
Жақсылық жасау күнделікті бір ісіндей.
Мәдени сала – талантты жанға кең өріс,
Пендешіліктің қоқысын жүрсең түсірмей.

Мәдени сала – халықтың кәусар бұлағы,
Тулап жататын тұмадай тұнық жыр-әні!
Сол салада тер төккен сансыз ару бар,
Өзегінде шалқыған өнер шырағы!

Өзін ұмытып, өзгенің қамын ойлаған,
Киелі мынау сахнаға шықса – жайнаған!
Біздің Сәулеш қырық төрт жыл тапжылмай,
Мәдениеттің қазанында бірге қайнаған!

Қырық төрт жыл! Айтуға оңай сөзбенен,
Қоса алмайсың ғой алтынды мыспен, жезбенен.
Сәуле Құрмашқызындай, қалып – төзгені,
Басқа салаға атбасын бұрды – төзбеген...

Өнердің жолы – қызықты әрі азапты,
Жұмақтан артық көресің кейде тозақты.
Халық үшін қызмет ету оңай ма –
Көтере жүріп кекесін, мысқыл, мазақты.

Ел өзі таныр Өнерге ғашық жүректі –
Түнекті жарып шапалақ әне «дүр» етті!..
Тілегі көптің сан рет демеп сондайда,
Жабырқау тартқан көңілге қайта гүл екті!

Ұйымдастыруда қосшы да болды, басшы да,
Еліктеп өсті биікте жүрген жақсыға.
Актриса, Әнші, Сазгер... бір өзі,
Мәдениетте осындай маман тапшы да...

Сан іздер жатыр еңбек жолында жосылып,
Қиындықтардан көрмеген әсте тосылып.
Өнерін сүйген, еңбегін көрген халқының,
Жыл өткен сайын марапаттары қосылып,

Ортамызда жүр Сәуледей асыл қызымыз,
Арналды оған жүректен шыққан жырымыз!
Ақын мен Сазгер, арнасы бірге жандар ғой,
Бірлесіп дәйім көтердік өнер туын Біз!

Өмірге солай «Келешегімдей» ән келген,
Ән әлеміне өз өрнегімен сән берген!
Бас жүлдені қанжығасына байлады –
Әділқазылар түсініп, үлкен мән берген...

Оған да біраз өтіпті жылдар арада,
Өшпестей жарық шуағын сыйлап санаға!
Әлі есімде... Сәулелі шағы Сәуленің –
Ұқсайтұғын балаға, кейде, данаға!

Әлі есімде... Өткен күн қайта табылмас,
Сезімің нәзік, жүрегің алтын, жаның жас!
Бүгінгі кешің еліңмен тағы табысқан,
Құтты болсын аяулы асыл қарындас!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында терілді, беттелді.
➢ Газет индексі - 65161
➢ Авторлардың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №912